

ПРИГОРОДНЫЙДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

4-БЕТ | МӘСЛИХАТ



МЕДИЦИНА САЛАСЫНА СІЛКІНІС КЕРЕК

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ИТЖЫҒЫС

8-БЕТ | ШАРТАРАП

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі.

№41
(4939)
Бейсенбі
9 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҰРҒЫНДАР ЖОБАСЫН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астана қаласының Сарыарқа ауданында «Халық қатысатын бюджет-2026» бағдарламасы бойынша ауданды абаттандыру үшін үздік жобаларға дауыс беру кезеңі басталды.

Ең көп дауыс жинаған жобалар 2027 жылдың құрылыс маусымында іске асады. Биыл 20 қаңтардан 1 наурызға дейін аудан тұрғындары 78 жобалық ұсыныс берді. Сараптама кеңесі 73 жобаны дауыс беруге жіберді. Урбанистер, сондай-ақ өткен жылдың жеңімпаздары мен тұрғындар кірген сарапшылар кеңесінің шешімімен дауыс беруге арналған жобалар 3 санатқа бөлінді. Олар: 40 пәтерге дейін, 100 пәтерге дейін және 100-ден көп пәтер. Дауыс беру 6 сәуір мен 24 сәуір аралығында Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының сайтында өтеді. Тұрғындар ресми сайтта ЭЦҚ арқылы немесе eGov mobile қосымшасы арқылы дауыс бере алады.

«НҰРЛЫ ЖОЛДАН» – ОМБЫҒА

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жылжымалы құрамды жаңарту бағдарламасы аясында №145/146 «Нұрлы жол – Омбы» халықаралық бағытына RWS Wagon зауытының заманауи 45-үлгідегі вагондарын шығарды.

Жаңарған пойыз құрамы «Нұрлы жол» вокзалынан аптасына үш рет – сейсенбі, жұма және жексенбі күндері қатынайды. Пойыз құрамында жалпы сыйымдылығы 300-ден астам орынға есептелген 8 жаңа купе және плацкартты вагон пайдалануға берілді. Сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар жолаушыларға арналған арнайы орындар қарастырылған. Пойыз Астанадан сағат 19:40-та аттанып, Омбы вокзалына ертесіне сағат 08:18-де (Мәскеу уақытымен) жетеді. Кері бағытта Омбыдан сағат 12:07-де шығып, елордаға 04:48-де оралады. Жалпы жол жүру уақыты 14 сағат 53 минутты құрайды.



12

«ШАТТЫҚ» ДАРЫНДАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

Астанада дарынды балалар мен жасөспірімдерді анықтайтын дәстүрлі «Шаттық» шығармашылық байқауы басталды. Жыл сайын жаңа есімдерді танытып, елорданың мәдени әлеуетін дамытуға зор үлес қосатын байқауға биыл 8 мыңға жуық үміткер қатысып жатыр.

ТАЗАЛЫҚ ТРЕНДІ

Елордада «Таза Қазақстан» акциясы әлеуметтік дәстүрге ұласты. Күн сайын тазалық жұмысына бағытталған бірнеше іс-шара өтіп тұрады. Айтулы экология бастамасы жастардың тазалық трендіне айналып келеді.

Жалпы елордада «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында экология мәдениетін дамытуға және қоғамда тазалық құндылықтарын кеңінен насихаттауға бағытталған іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Балабақшадағы бүлдіршіндер мен мектеп оқушылары, жастар мен зейнеткерлер ортасында тазалық пен салауатты өмір салтын дәріптейтін мәдени-тәрбиелік, спорт және флешмоб секілді бұқаралық іс-шаралар да бар.

6



LRT-мен 15 ПОЙЫЗ ЖҮРЕДІ

Бас қаланың жеңіл рельсті көлік жүйесі бір уақытта 19 құрамды қатыстырумен көппойызды кешенді сынақтарға өтті.

«Сынақтар машинистің араласуынсыз, толық автоматты GOA4 деңгейінде өтеді. Қазіргі кезеңде пойыздардың нақты қозғалыс кестесі модельденуде, онымен бірге жолаушыларды отырғызу және түсіру, стансалардағы тұру уақыты мен басқа да негізгі жұмыс көрсеткіші тексеріледі. Осы кезеңнің нәтижелері жүйені қосымша баптауға және тұрақты жұмыс жағдайында LRT тұрақты, қауіпсіз әрі сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады» делінген City Transportation Systems хабарламасында.

Айта кетсек, Астанаға барлығы 19 құрам жеткізілді. Желіде 15 пойыз жүреді. Қалған құрамдар резерв ретінде қарастырылған.

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Президентінің арнаулы өкілі – Президент Әкімшілігінің басшысы Кан Хун Шикті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі саналатынына назар аударып, екіжақты ықпалдастық қарқынына жоғары баға берді.

Президент Қазақстанның корей халқына және Корея Республикасының даму деңгейіне құрметпен қарайтынын атап өтіп, Астана екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кан Хун Шиктің арнаулы өкіл ретінде елімізге жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды және Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёңге ыстық лебізін жолдады.

«Сіздің сапарыңыз қазақ-корей ықпалдастығын одан әрі нығайту тұрғысынан өте маңызды. Бірлескен күш-жігердің арқасында елдеріміздің ынтымақтастығы арта түсетініне сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

Кан Хун Шик қонақжайлық танытқаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша референдумның табысты өтуіне орай Президент Ли Чжэ Мёңнің құттықтауын жеткізді. Арнаулы өкіл Корея Республикасының сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды күшейту, сондай-ақ түрлі салада бірлескен жобаларды іске асыру арқылы өзара қарым-қатынасты мүлдем жаңа деңгейге шығаруға айрықша маңыз артатынын мәлімдеді.

Әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, көлік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды. Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мённің Қазақстан Президентін Корея Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея көшбасшысының шақыруын ықыласпен қабыл алды. Мемлекет басшысы жоғары деңгейде өтетін алдағы келіссөздер екі ел ынтымақтастығын жандандырып, Орталық Азия – Корея Республикасы форматындағы ықпалдастықты арттыруға оң септігін тигізетініне сенім білдірді.

БАСЫЛЫМ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

ДЕРБЕС ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Қазақстанда психологтардың қызметін реттейтін дербес заң қабылданады. Мәжіліс депутаттары «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Құжат Президенттің сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әзірленіп, саладағы құқықтық базаны қалыптастыруға және психологиялық көмектің қолжетімділігі, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Заң жобасы аясында саладағы негізгі ұғымдар айқындалады. Атап айтқанда, «психолог», «психологиялық қызмет», «ақпараттандырылған келісім», «психологиялық көмектің сапасы», «кәсіби құпиялылық» сияқты түсініктер енгізіледі. Бұл ретте құжаттың қолданыс аясы медицина қызметіне таралмайтыны нақты көрсетілген. Заң жобасының негізгі мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен психологиялық жағдайын жақсарту. Сондай-ақ заңдылық, еріктілік, құпиялылық, кәсіби құзыреттілік, ғылыми негізділік және зиян келтіруге жол бермеу қағидаттары белгіленген. Мемлекеттік реттеу мәселелеріне жеке бөлім арналған. Заң жобасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің психологтардың білігін тану және мемлекеттік тізілімді жүргізу жөніндегі өкілетін айқындайды. Құжатты талқылау барысында депутаттар аталған тізілімді электрондық форматта жүргізу тәртібін нақтылап, тіркелуге жататын психологтар санатын белгіледі. Сонымен қатар мәліметтердің ашықтығы және оларды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру көзделген.

«Astana aqshamy» газетінде біз осы түйткілді мәселені бірнеше рет көтеріп, сараптамамақала («Арзан ақыл неге қымбат?», «Коучтардың көбейгені қауіпті ме?») жазып, қоғамдық пікірдің талқысына салып едік (www.astana-akshamy.kz).

56 МЛН ТЕҢГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

Сауда және интеграция министрлігі сауда саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтіп, қадағалау жұмысының тиімділігін жүйелі түрде арттыруда.

Жыл басынан бері 1485 кәсіпкерлік субъектісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды, бұл 2025 жылы анықталған құқық бұзушылықтардың жалпы көлемінің шамамен 43%-ын (3437 қаулы) құрайды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 56 млн теңгеден асты. Бұл, өз кезегінде, құқық бұзушылықтарды анықтау деңгейінің артқанын және жүргізіліп жатқан жұмыстың жүйелі сипатын көрсетеді. Негізгі құқық бұзушылық бұрынғысынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген шекті сауда үстемесінің асып кетуі болып отыр. Жыл басынан бері қабылданған барлық қаулы айыппұл түрінде рәсімделген. Олардың басым бөлігі сауда үстемесінің 15%-дан жоғары асырылуына, сондай-ақ әртүрлі бағаны қолдану, баға белгілерінің болмауы және заңнама талаптарын қайталап бұзу жағдайына қатысты. Сонымен қатар лауазымды тұлғалардың қызметіне кедергі келтіру және мемлекеттік бақылау органдарының талаптарын орындамау фактілері тіркелген.

БІТІМГЕ КЕЛУ КЕЛІСІМІН ҚҰПТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф пен Пәкістан Қарулы күштерінің бас қолбасшысы, фельдмаршал Асим Мунирдің араағайындығы арқылы Таяу Шығыстағы соғысты толық тоқтату және бітімге келу туралы келісімге қол жеткізуін құптайды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram парақшасында жазды.

«Бұл келісім АҚШ Президенті Дональд Трамптың және Иранның жоғарғы басшылығының, сондай-ақ әскери қақтығысқа қатысқан елдердің ізгі ниеті мен парасаттылығының арқасында мүмкін болды. Мемлекет басшысы әлемдік сауданың дамуына және барлық мемлекеттің экономикалық өркендеуіне жағдай жасау мақсатында қол жеткізілген бітімгершілік келісімнің ұзақ мерзімді сипатқа ие болатынына үміт білдірді» делінген хабарламада.

ҮКІМЕТ

КӨМІР ҚОРЫНАН 10 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНДАМЫЗ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көмір энергетикасын дамыту және көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жобаны жүзеге асыру мәселелері қаралды.

Онда Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов, Қарағанды және Павлодар, Абай облыстарының басшылары, сондай-ақ «Богатырь көмір» және «Qarmet» көмір өндіру кәсіпорындарының өкілдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы ұлттық құрылтайда көмір энергетикасын дамытудың маңызына тоқталып, көмірмен қуат өндіру ісі бойынша ұлттық жоба қабылдауды тапсырды. Жоба аясында 5 жыл ішінде жаңа станса салу және қолданыстағы 11 стансаны жаңғырту есебінен 8 ГВт қосымша энергия қуатын алу көзделіп отыр. Көмір өнеркәсібі және көмір стансаларында электр энергиясын өндіру отандық отын-энергетика кешенінің негізгі салалары саналады. Олар еліміздің энергетика қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы ел экономикасында көмірмен қуат өндіру ісінің маңызын әрдайым атап өтіп, саланы одан әрі дамыту үшін бірқатар бағытты айқындап берді. Көмір қоры бойынша біз әлемдегі жетекші 10 елдің қатарына кіреміз. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз, оны тиімді пайдалануымыз керек» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Көмір әлем елдерінде, соның ішінде ең көп энергия пайдаланатын өндірістермен қатар, цифрлық платформалар үшін де маңызды қуат көздерінің бірі болып қала беретіні, сонымен қатар кейінгі уақытта қоршаған ортаға әсері барынша аз «таза көмір» технологиялары белсенді дамып келе жатқаны аталды. Бұл бағытта Қытай, АҚШ, Үндістан, Оңтүстік Корея және басқа елдердің қалыптасқан тәжірибелері бар. Кейінгі жылдары көмірқышқыл газы мен қоспаларды 90%-ға дейін ұстап қалып, зиянды қалдықтарды қауіпсіз сақтауға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар қарқынды дамып келе жатқаны атап өтілді. Премьер-министр қолданыстағы көмір стансаларын жаңғырту, ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлемін азайтып, тиімділігін арттыру үшін белсенді қолдану қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ Қазақстанда тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы және уақытылы іске қосу керек. Осыған байланысты Энергетика министрлігіне «Самұрық-Энерго» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, ұлттық жобаның орындалуын ерекше бақылауға алу тапсырылды.

«Мемлекет басшысы жаңа жылу станцияларының құрылысын жеделдету қажеттігін атап өтті. Қазақстанда тұтыну көлемінің өсуі мен цифрлық активтердің қарқынды дамуын ескере отырып, энергия нысандарын жоспарлы және уақытылы іске қосу керек. Осы мақсатта наурыз айында көмір генерациясы бойынша ұлттық жоба қабылданды. Энергетика министрлігі «Самұрық-Энерго» компаниясымен және өңір әкімдіктерімен бірлесіп, ұлттық жобаның орындалуын ерекше бақылауға алсын. Әрбір жаңа станцияның іргетасын қалаудан бастап іске қосуға дейінгі барлық жұмыстың нақты жоспары болуға тиіс» деп атап өтті Олжас Бектенов.



Жиында Алматыда 2-ЖЭО және 3-ЖЭО нысандарын жаңғырту мәселесіне назар аударылды. Премьер-министр «Самұрық-Энерго» басшылығы баяндамасын тыңдап, жұмыстарды аяқтау мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу қажеттігін атап өтті, жобаларды жүзеге асыруды бақылауды күшейтуді тапсырды, сондай-ақ Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға нысандарға барып, жұмыс қарқынын тексеруді жүктеді. Отырыс барысында Олжас Бектенов мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

ИНФЛЯЦИЯ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕП КЕЛЕДІ

Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады. Наурызда бұл көрсеткіш 0,6%, ал қаңтар-ақпан айларында инфляция сәйкесінше 1,0-1,1% болды.

Төмендеу алты ай қатарынан байқалып отыр: 2025 жылдың қыркүйегіндегі ең жоғары мәннен кейін (12,9%) инфляция біртіндеп баяулауға көшті және 2026 жылдың наурыз айының қорытындысы бойынша 11,0%-ды құрады (2025 жылдың қыркүйегінде 12,9% шарықтау шегіне жеткеннен кейін).

«ҚҚС өзгеруіне байланысты қысқа мерзімді бағаның өсуі қазірдің өзінде теңесті және ағымдағы қарқынға әсер етпейді. ҰЭМ болжамына сәйкес, инфляция 2027 жылдың басына қарай бір мәнді деңгейге көтерілуі мүмкін» делінген хабарламада.

САЯБАҚҚА СӘН КІРЕДІ

Астанада әл-Фараби даңғылы – Керей мен Жәнібек хандар көшесі – Бұқар жырау көшесі квадратында сапалы қалалық ортаға басымдық берілген заманауи тұрғын орта қалыптасып келеді. Осы аумақтың орталығында саябақ кластері құрылып, екі жаңа орын «Самал» саябағы деп аталатын бірыңғай қоғамдық кеңістікке бірікті.





Осыған орай қоғамдық орындарды абаттандыру жұмысы басталып кетті. Жақын арада аулаларды ауқымды жаңғырту қолға алынбақ. Абаттандыру жұмысына жеке инвестициялар тартылып жатыр.

«Бүгінде бұл аудан қалалық ортамен үйлескен, тұрғындардың күнделікті өміріне бейімделген толыққанды саябаққа айналды. Оның аумағында жаяу серуендеуге арналған жолдар, уақытты тыныштықта өткізуге арналған орындар, демалыс аймақтары, заманауи ойын алаңдары, тоған, шағын көпірлер мен бақылау орындары қарастырылған. «Самал» саябағы ауданның тартымды орталығына, сол сияқты серуендеуге, демалуға және кездесуге арналған кеңістікке айналып келеді» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

МЕКТЕПТЕ – КІТАП БҰРЫШЫ

Бас қала мектептерінде оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңа жоба қолға алынды. Жалпы білім беретін №103 мектептің 26 бастауыш сынып кабинетінде балаларға арналған шағын кітапханалар ұйымдастырылды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында бастауыш сыныптарда сынып ішінен арнайы кітап оқу бұрышы ашылып жатыр. Бұл бастама оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге, оқу мәдениетін қалыптастыруға және ой-өрісін кеңейтуге бағытталған. Жаңа форматтағы кітап бұрыштары балаларға ыңғайлы етіп жабдықталған. Мұнда оқушылар үзіліс кезінде немесе сабақтан кейін кітап оқып, өзара пікір алмаса алады. Сонымен қатар мұндай орта баланың еркін ойлауына, тіл байлығын дамытуға және шығармашылық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

«Балалар бұрын кітапты тек кітапханадан алса, қазір үнемі жанында. Сынып ішінде арнайы бұрыштың болуы олардың қызығушылығын айтарлықтай арттырды. Әсіресе үзіліс кезінде кітап оқуға ниет білдіретін оқушылар саны көбейді» дейді мектеп директоры Жанат Тұрысбекқызы.

Мамандардың айтуынша, мұндай бастамалар оқушылардың оқу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді. Алдағы уақытта жобаны кеңейтіп, басқа сыныптарға енгізу жоспарланып отыр.

ТӘРБИЕ – БАЛАБАҚШАДАН

Астана қаласының әкімдігіне қарасты Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен №80 «Ботақан» балабақшасында «Тәртіп пен ұқыптылық» тақырыбында танымдық әрі тәрбиелік шара ұйымдастырылды.



Басты мақсат – 3-5 жас аралығындағы бүлдіршіндердің бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру, мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту және қоғамдағы тәртіп нормаларын ерте жастан меңгерту. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, барлық тапсырма ойын және интерактивті форматта ұсынылды. Педагогтар балалармен бірлесе жұмыс істеп, түрлі бағытта тапсырмалар ұйымдастырды. Атап айтқанда, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ою-өрнектер туралы ойындар өтті. Балалар оюларды құрастырып, олардың мағынасы туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырды. Сонымен қатар наурыз көженің қалай дайындалатыны жайлы әңгімеленіп, ұлттық тағамдарға деген қызығушылық оятылды. Экология тәрбиесі де назардан тыс қалған жоқ. Балаларға суды үнемдеу, қоршаған ортаны таза ұстау, қоқысты жерге тастамау сияқты қарапайым, бірақ маңызды дағдылар үйретілді.

– Балабақшамызда барлығы алты топ бар: екі ересек, екі ортаңғы және екі мектепалды даярлық топтары. Әр топ өз деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындап, өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге дағдыланады. Мұндай іс-шаралардың негізгі мақсаты да балаларды тек ойын арқылы емес, күнделікті тұрмыста кездесетін қарапайым әрекеттерге бейімдеу. Яғни ұқыптылық, тазалық, тәртіп сақтау секілді қасиеттерді бала санасына ерте жастан сіңіру, – дейді №80 «Ботақан» балабақшасының меңгерушісі Жұлдыз Қонақбаева.

Шапағат ӘБДІР



Елордадағы 68665 әскери бөлімінде былтырғы көктемде әскерге шақырылған 140 сарбаз жауынгерлік тумен қоштасты.

ЖАУЫНГЕРЛІК ТУМЕН ҚОШТАСТЫ

Дәстүр бойынша жауынгерлік тумен қоштасу құрметі үздіктердің үздігі, қатардағы жауынгер Сағи Рахатқа берілді. Салтанатты рәсімге әскери бөлім қолбасшылығы, Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілдері, Қарулы күштердің, Ауған соғысының және жергілікті қақтығыстардың ардагерлері қатысты. Олар сарбаздардың ел алдындағы адал қызметіне жоғары баға беріп, бірқатар әскери қызметшіні грамотамен марапаттады.

– 18 сәуірде осы бөлімге астаналық жігіттерді мерзімді әскери қызметке жібереміз. Үміткерлер болса, Республика даңғылы, 54 мекенжайы бойынша қалалық жиын пунктіне келсін. Күнделікті 24/7 режимде күтіп аламыз, – деді Астана қаласы әскерге шақыру комиссиясының мүшесі, запастағы полковник Ғани Артықов.

Полковник Абай Әлібековтің айтуынша, 140 жауынгердің 20-ға жуығы келісімшартпен қызметте қалуға ниетті екен. Астаналық арнайы мақсаттағы 68665 әскери бөлімі құрылған күннен бастап елдің маңызды стратегиялық нысандарын қорғау міндетін абыроймен атқарып келеді. Бөлімнің әскери қызметшілері кез келген тапсырманы орындауға қабілетті екенін талай мәрте дәлелдеді.



ЖАСТАР ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА СЕНІМДІ

«Астана жастары» орталығының өкілі Сұлтан Өмірғалиевпен Есіл университеті студенттерінің кездесуі ұйымдастырылды. Кездесу барысында «Астана жастары» ЖРО және Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының атқарып жатқан жұмысы таныстырылды. Сонымен қатар жастарға арналған бағдарламалар мен жобалар, алдағы жоспарлар туралы кеңінен ақпарат берілді.



Іс-шара барысында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасу алаңы қалыптасты. Мұндай кездесулер жастардың белсенділігін арттыруға және мемлекеттік жастар саясаты аясындағы мүмкіндіктер туралы ақпараттандыруға бағытталған. Сонымен қатар кездесуде 2026 жылғы Конституция жобасындағы бірегейлік пен азаматтық бірлік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бастама ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды қадам ретінде атап өтілді.

– Осы кездесу – жастармен ашық диалог орнатудың тиімді алаңы. Біз үшін әрбір жастың пікірі маңызды. Сондықтан осындай кездесулер арқылы жастардың ұсыныстарын тыңдап, оларды қолдауға әрдайым дайынбыз. Сонымен қатар 2026 жылғы Конституция жобасында көрсетілген құндылықтар ел бірлігін нығайтып, болашақ ұрпақтың дамуына негіз болатынына сенімдіміз, – дейді спикер Сұлтан Батырханұлы.

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

МӘСКЕУДЕГІ КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР



Астаналық мәслихат делегациясы оның төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің жетекшілігімен Мәскеу қалалық Думасындағы әріптестерінің шақыруымен ТМД-2026 халықаралық экономика форумының жұмысына қатысты.

Сапар шеңберінде Мәскеу қалалық Думасының төрағасы Алексей Шапошниковпен және депутаттық корпуспен кездесу өтті. Тараптар білім беру жүйесі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелеріне ерекше көңіл бөле отырып, қос астананың әлеуметтік дамуының өзекті мәселелерін талқылады.

ХШЖК (ВДНХ) аумағында делегация қалалық инфрақұрылымды басқарудың, оған қоса коммуналдық қызметтерді орталықтандырылған үйлестірудің заманауи жүйелерімен танысты. Сондай-ақ Мәскеу қаласы тұрғындарының арасында сұранысқа ие отандық тауарлар мен азық-түліктер ұсынылған қазақстандық павильонды аралап шықты.



Бағдарламаның жеке тармағы Мәскеу метрополитенінің бірыңғай диспетчерлік орталығына сапарға арналды. Бұл – әлемдегі ең ірі көлік жүйелерінің бірінің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін заманауи жоғары технология кешені. Мұнда цифрландыру, процестерді автоматтандыру және төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мәселелеріне ерекше назар аударылды, көлік жүйесінің тұрақты жұмысын және штаттан тыс жағдайларға орай жедел әрекет етуді қамтамасыз ететін цифрлық шешімдер көрсетілді.

Басты іс-шаралардың ішінде №220 қалалық емханаға сапар да бар. Аталған нысан реновация бағдарламасы аясында сапалы заманауи жөндеуден өтіп, жоғары технология жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Астаналық қонақтар бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді ұйымдастыру және денсаулық сақтау жүйесінде цифрлық сервистерді енгізу барысымен танысты.

БРИКС елдері астаналарының парламенттік қозғалысына Астана қаласын қосу туралы мәлімдемеге қол қойылуы сапардың маңызды қорытындысы болды. Бұл халықаралық ынтымақтастық, астаналар арасындағы диалогтың нығаюы және ең үздік басқарушылық тәжірибелермен алмасу үшін қосымша мүмкіндіктерге жол ашады.

Сапар соңында делегация Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаевпен кездесуге қатысты және 20 жыл бұрын салтанатты түрде ашылған Чистые пруды бульварындағы Абай Құнанбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлы ақын рухына тағзым етті.

Жалпы алғанда, бұл сапар стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейін растап, астанааралық өзара әрекеттестікті дамытудағы маңызды қадамға айналды.

– Бұл біз үшін алғашқы екіжақты кездесу емес, біздің құрылымдар арасындағы ынтымақтастық жүйелі әрі сындарлы сипатқа ие. Тұрақты тәжірибе алмасу қалалық басқару, әлеуметтік саясат және инфрақұрылымды дамыту мәселелерінде тиімді шешімдер табуға мүмкіндік береді, – деді сапар қорытындысында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Пригородный – елорданың қарқынды дамып жатқан тұрғын алаптарының бірі. Елді мекен тұрғындарының жайлы өмірі үшін қала билігі тарапынан біраз жұмыс істелді. Аймақты одан әрі өрлету үшін бірқатар мақсат-міндет қойылды. Бұл жайында осы аймақтан Астана қаласы мәслихатына сайланған депутат Ғабит Тәжімұратовпен әңгімелестік. Ғабит Қалиұлы – қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының орынбасары. Әңгімеміз де негізінен тұрғын алаптың әлеуметтік мәселелері және инфрақұрылымы жөнінде өрбіді.



ПРИГОРОДНЫЙДЫҢ БҮГІНІ мен БОЛАШАҒЫ

– «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ басқарма төрағасы болғанымда, маған әуежайда жұмыс істейтін Пригородный тұрғын алабының тұрғындары әртүрлі мәселе бойынша өтініштермен келетін. Бұл елді мекен аумағы 85 гектарды құрайды. Ресми мәлімет бойынша, саяжайларды есепке алғанда, мұнда 20 мыңнан астам адам тұрады. Аймақта 25 көпқабатты үй мен 150-ден аса жер үй, 3 мемлекеттік балабақша мен 1 мемлекеттік мектеп, дәрігерлік амбулатория, полиция пункті, 8 саяжай қауымдастығы орналасқан, – дейді Ғабит Тәжімұратов.

Оның айтуынша, Пригородныйда соңғы жылдары тұрғын үй құрылысының көлемі едәуір артты. Елді мекеннің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы даму жолына түсті. Шағын және орта бизнестің жаңа нысандары да көбейіп жатыр. Қазіргі міндет – аймақтың тепе-тең дамуын қамтамасыз ету, яғни тұрғын үй құрылысымен қатар мектептерді, балабақшаларды, медицина мекемелерін, мәдениет және спорт нысандарын салу керек. Инженерлік желілер мен жол инфрақұрылымының құрылысы да баспана мен әлеуметтік нысандар құрылысымен тең дәрежеде жүргізілгені шарт. «Анау жоқ екен, мынау жоқ екен» деген әңгімені болдырмас үшін тұрғындар қажеттілігін алдын ала ескеру керек.

– Бұған кешенді тұрғыдан келу керек. Сонда ғана Пригородный дамуында оң динамика сақталады. Құрылыс жұмысымен қатар адамдардың жайлы, сапалы, қауіпсіз өмірін не сай келетін орта қалыптастыру керек. Қазір сумен, электрмен қамту желілерін, жол жабынын кезең-кезеңімен жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр. Көліктің қолжетімділігі бойынша айтарлықтай оң өзгерістер бар. Келу жолдары кеңейіп, қоғамдық көлік қызметі күшейді. Әлеуметтік инфрақұрылымға ерекше назар аударылды. Орта мектеп құрылысы жоспарға енгізілді. Қазір жоба-смета құжаттамасы әзірлену үстінде. Білім нысаны «Orman Park» атты жаңа тұрғын үй кешені аумағында бой көтермек. Мемлекеттік балабақша пайдалануға берілді, алғашқы медицина көмегі нысаны жұмыс істеп жатыр. Пригородный тұрғындары медицина қызметін «Үй жанындағы дәрігер» жобасы аясында ашылған «Шипагер» отбасы денсаулығы орталығының филиалында алады. Әрине, елді мекен тұрғындары көбейген сайын осындай нысандардың қажеттілігі артып барады, сондықтан бұл мәселені үнемі бақылауда ұстап, құрылыс қарқынын арттыру керек. Пригородныйда жалпы қалаға ортақ жобалар іске асып жатыр. Мәселен, апатты үйлер тұрғындарын көшіру. Сондай үйлердегі 150 пәтердің тұрғындары жаңа баспанаға ие болды. Бұлар бұрын 1968-1970 жылдары салынған Арнасай, 111 және 114 көшелеріндегі ескі жатақханаларда тұрды, – дейді Ғабит Қалиұлы.

Депутаттың айтуынша, тұрғын алапты көгалдандыру, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға септеседі. Бұл жағдайда әсіресе елді мекен отбасылық жұптар мен жас мамандарға тартымды бола түседі. Соңғы жылдары бірнеше ауланы жаңғырту жұмысы жүргізілді. «Юг» атты тұрғын үй кешенінің аумағы, Жаңадария көшесі, 115, 126А мекенжайлары, Қабанбай батыр даңғылы, 105, 105А аумағындағы көпқабатты үйлердің аумағы абаттандырылды. Жаңа асфальт, тартан жабындысы, брусчатка төселіп, тренажерлер мен воркаутқа арналған құралдар орнатылды. Газдандыруға келгенде, тұрғын алаптың негізін жер үйлер құрайды. Оларға жылу орталық қазандықтан келеді. Бірқатар көпқабатты үй Қабанбай батыр кентіне қарай кететін газ құбыры арқылы газдандырылған.

– Пригородный – инвесторларға тартымды тұрғын алап. Елордада және қаланың айналасында туристік аймақтардың, кемпингтер және белсенді демалыс аймақтарының аздығы байқалатындықтан, Пригородныйда мұны дамытуға болады. Тұрғын үй құрылысы көбейген сайын сауда, қызмет көрсету және демалыс орындарының қажеттілігі артады. Бұл жағдай жаңа жұмыс орындарын құруға, сервис деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Астана билігі қала құрылысы ережелерінің және экология талаптарының сақталуы жағдайында жаңа жобалардың талқылануына ашық, – дейді Ғабит Тәжімұратов.

Оның сөзінше, «Қазаэронавигация» РМК-мен белсенді әріптестік орнаған. Бұл кәсіпорын бірнеше жыл бұрын «Aspan» спорт кешенін салып берді. Осы кешенде аула клубы ашылған. Онда балалар ақысыз негізде шахмат, хореография, ағылшын тілін үйренумен айналысады. Бұл нысанды кәсіпорын қала балансына тапсырды.

– Өзімнің жағдайыма қарай Пригородныйға жақын орналасқан кәсіпорындар мен меценаттардың көмегімен тұрғындарға көмір түсіруге, саяжайлардың ішкі жолдарына фрезерлік асфальтты төсеуге, қар тазалауға, соның ішінде елді мекен мешітін тазалауға септесіп тұрамын. Тұрғын алапта саяжайларды ысыру жоспарланбаған. Инвестор мен қызығушылық танытқан құрылыс компаниялары пайда болғанда ғана, сондай-ақ елді мекеннің қажеттілігі туындағанда бұл жұмыс қолға алынуы мүмкін, – дейді Ғабит Қалиұлы.

Қорыта айтқанда, аталмыш тұрғын алаптың дамуы мен қажеттілігі – депутаттың бақылауында. Қазірдің өзінде Пригородныйға қоныстанушылар, басқа аймақтардан көшіп келушілер өте көп. Демек, елді мекен әрі қарай да дамиды.

ҚАЛА НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Елорда мәслихатының депутаттары муниципалдық мүлікті пайдаланудың тиімділігі мен рентабельділігін, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау мақсатында қала нысандарын аралап, көшпелі кеңес өткізді.



Депутаттар алдымен «Fitnation» спорт-сауықтыру орталығын аралап, бұқаралық спорттың қолжетімділігі мен инфрақұрылымның жүктемесі мәселелерін талқылады. Мәслихат депутаты Кендебай Адамбектің мәліметінше, заманауи кешен 4 мың текше метр аумақты алып отыр. Мұнда арнаулы су бассейні бар, тәулік бойы халыққа қызмет көрсететін нысанның тұрған орны да қолайлы, көлік қоятын орындар да жетерлік. Сонымен қатар депутаттар «Comfort Hotel Astana» қонақүйінің жұмысымен танысып, туризм саласын дамыту, қызмет көрсету деңгейі және нысанның жүктемесін арттыру перспективаларына назар аударды. Мұнда нысанды орталық жылу жүйесіне қосу маңызды болып отыр. Бұған қоса, Абылай хан даңғылы бойындағы қалалық автотұрақ қарастырылып, оның сұранысқа ие болуы және қаладағы тұрақ орындарын тиімді пайдалану мәселелері талқыланды. Бұл нысан «City Transportation Systems» ЖШС мен Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қарайды. Жалпы аталмыш кәсіпорын мен мекемеге қарасты қалада 5 мыңнан астам паркинг бар. Басты мәселе – осындай нысандарды сапалы ұстау. Бұл мәселелер қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауына шығарылды.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ЖАҢА АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ





Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары (1991-2024 жж.)» атты анықтамалықтың тұсаукесері өтті. Жаңа анықтамалық кітап Қазақстандағы мемлекеттік билік тарихын қамтиды. Үш жылдан астам уақыт бойы дайындалған көлемді еңбек елдің тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі заманғы институционалдық реформаларға дейінгі мемлекеттік басқару құрылымының эволюциясын көрсетуге арналған құжаттық хроника екенін айта кету керек.

Кітап таныстырылымына мемлекеттік органдар мен ғылыми қауымдастық өкілдері қатысты. Атап айтқанда, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Еркін Әбіл, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Әлібек Ахмедьяр, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов қонақта болды.

Іс-шараны ашқан Президент архивінің директоры Әлия Мұстафина басылым архившілер мен ғалымдардың бірнеше жылдық еңбегінің нәтижесі екенін атап өтті.

– Бұл таныстырылым – Президент архивінде қызмет ететін архивші-практиктер мен ғалымдардың шығармашылық одағының нәтижесі. Құжаттық тұрғыдан тексерілген, шынайы ақпарат көзі бола алатын анықтамалық басылымды дайындау жұмысы бірнеше жылға созылды. Енді, міне, осы еңбектің қорытындысы – мемлекеттік басқарушылардың тұрақты серігіне айналатын басылымды ұсынғымыз келеді. Онда 1991 жылдан бергі мемлекеттік мекемелердің тарихы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару институттарының эволюциясы, саяси шешімдер қабылдау тетіктері мен алгоритмдерінің көрінісі берілген. Қазақстанда мұндай басылымның баламасы әлі жоқ деп нық сеніммен айта аламын. Отандық гуманитарлық кеңістік үшін бұл еңбек өзіндік бірегейлігімен ерекшеленеді, – деді ол.

Анықтамалықта мемлекеттік органдардың құрылуы, қызметі, құрылымы, өкілеті, сондай-ақ қайта ұйымдастырылуы немесе жойылуы туралы қысқаша, бірақ мазмұнды мәліметтер берілген. Басылымның ерекше құндылығы – Президент архивінің қорлары. Олар тарихи деректерді нақты қалпына келтіруге, ведомстволардың бағыныстылығы мен ішкі құрылымындағы өзгерістерді көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл – Президент архиві дайындаған серияның төртінші басылымы. Ал бұрынғы нұсқалар 2004, 2007 және 2012 жылдары жарық көрген. Жаңа басылым барлық алдыңғы нұсқаларды біріктіріп, 1991-2024 жылдар аралығындағы кезеңді қамтиды. Негізінде, бұл – мемлекеттік құрылымдағы өзгерістерді жүйелі түрде тіркеген авторлық ұжымның көп жылдық еңбегінің нәтижесі.

Сарапшылар да басылымға жоғары баға берді. Мысалы, саяси ғылымдар докторы, профессор Жомарт Симтиков анықтамалықтың атқарушы билік органдары тарихына ғылыми бағытталған навигатор рөлін атқаратынын атап өтті.

– Жинақтың ғылыми маңызы: мемлекеттік басқару тарихына қатысты жүйеленген құжаттық кешенді ғылыми айналымға енгізеді; әкімшілік реформалар тарихын зерттеуге үлес қосады; саяси тарих, құқықтану, архивтану салаларындағы зерттеулерге эмпирикалық база бола алады, – деді ол.

Ал заң ғылымдарының докторы, «Нархоз университеті» КЕАҚ профессоры Виктор Малиновский басылымды үлкен, дәл және кәсіби еңбек деп бағалап, оның ғылыми қауымдастық пен практиктер арасында сұранысқа ие екенін айтты.

– Анықтамалық қажетті және сұранысқа ие болады. Онда зерттеушілерге, мемлекеттік және ведомстволық қызметкерлерге, азаматтық және арнайы органдар қызметкерлеріне арналған мәліметтер бар. Мұндай ақпарат күрделі сұрақтарға жауап табуға, мемлекеттік органдар жүйесінде бағдар беруге және олардың қалыптасуы мен дамуын түсінуге көмектеседі, – деді ол.

Басылым – Президент архивінің жүйелі ғылыми-баспа жұмысының жалғасы. Тек былтыр архив 6 құжат жинағын және «Жаңа архив» журналының 4 санын оқырман назарына ұсынған. Тәуелсіздік жылдары архив ел тарихындағы маңызды оқиғаларға арналған шамамен 90 құжаттық басылым дайындаған. Олардың қатарында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардан бастап Қазақстанның заманауи даму кезеңіне дейінгі деректер бар.

Бала кезінен-ақ тәртіпке, жауапкершілікке және ішкі жинақылыққа бейім болған Айжан Рамазанова бүгінде құқық қорғау саласында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар маманға айналды. Қазіргі таңда ол Көші-қон қызметінің аға инспекторы полиция подполковнигі болып еңбек етеді. Оның адал еңбегі мен кәсібилігі ондаған адамның тағдырын өзгертіп, жаңа өмір бастауына себеп болды.

ӘР ҚҰЖАТТЫҢ АРТЫНДА – ТАҒДЫР

Тәртіп сақшысының өмір жолын таңдауда әкесінің орны ерекше. Әкесі ішкі істер органдарында 1987 жылдан 2007 жылға дейін табанды қызмет атқарып, майор шенінде зейнетке шыққан. 2005 жылы ол ішкі істер органдарына қызметке қабылданып, сол кезден бері ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Бүгінде бұл мамандық тек оның таңдауы ғана емес, тұтас отбасының өмірлік бағытына айналған. Айжанның інісі де құқық қорғау саласында қызмет етеді. Бұл олардың отбасында тәртіп пен жауапкершілік құндылықтарының берік қалыптасқанын көрсетеді.



Көпшілік үшін құжатпен жұмыс бірсарынды көрінуі мүмкін. Алайда ол үшін әрбір өтініш – жеке тағдыр, әрбір құжат – адам өмірінің бір бөлшегі.

– Қызмет барысында түрлі жағдай кездеседі. Соның ішінде ең есте қалғаны – азаматтықты анықтау мәселелері. Осындай күрделі істер үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап етеді. Құжаттарды жинау, архивтермен жұмыс істеу, тұлғаны растау – бәрі уақыт пен шыдамдылықты қажет етеді. Бірақ ең маңыздысы – адам мен қызметкер арасындағы сенім. Барлық жұмыс аяқталып, адам алғаш рет жеке куәлігін қолына алған сәт ерекше әсерлі. Кейде адамдар қуаныштан көз жасына ерік береді. Себебі бұл – олардың жаңа өмірге қадам басуы, қоғамға қайта қосылуы. Осындай сәттерде өз мандығымды дұрыс таңдағанымды анық сезінемін, – дейді полиция подполковнигі.

Қызметтен бөлек, тәртіп сақшысы белсенді өмір салтын ұстанады. Бос уақытында спортпен айналысып, жүзуді жақсы көреді. Сонымен қатар ән айту – оның жанына жақын хобби. Бұл оның жан-жақты, рухани бай тұлға екенін айқын көрсетеді. Айжан Рамазанова үшін қызмет жай ғана жұмыс емес. Бұл – адамдарға көмектесу, олардың тағдырына оң өзгеріс енгізу, қоғамға пайда келтіру. Оның өмірлік ұстанымы қарапайым: әрбір адамға жылы қарап, шынайы көмек көрсету. Осындай жандардың арқасында қоғамда сенім мен әділдік нығая түсуде.

ЕЛОРДАЛЫҚ КРИМИНАЛИСТЕР ЕҢБЕГІ

Ішкі істер органдары саласында қылмысты ашу мен тергеудің ғылыми әдістемесінің негізін қалыптастыруда криминалистиканың алар орны ерекше. Криминалистік әдістер мен құралдарды қолдану, дәлелдемелерді анықтау, жинау және бекіту зерттеу сапасын арттырып, қылмыстық істер бойынша заңды әрі негізгі шешім қабылдауға ықпал етеді. Астана қалалық Полиция департаменті Жедел криминалистика басқармасының бас криминалисі, полиция подполковнигі Сұңғат Жаншуақовтың айтуынша, қазіргі таңда елордада барлығы 134 криминалист бар.

Соның ішінде аталған басқармада 17 криминалист маман еңбек етеді. Олардың міндеттері – криминалистік есептер жүргізу, оқиға орнына барып, сол жерді фото-бейнекамераға түсіру, айғақ заттарды іздеу, оларды алу және әрі қарай қылмысты ашу мақсатында қолдану. Криминалист маман болу үшін арнайы курстар оқып, зерттеуге рұқсат қағаз алу керек. Қарағанды қаласындағы ІІМ академиясында криминалистика факультеті бар, онда курсанттар 4 жыл оқиды. Ал Сұңғат Жаншуақов 2010 жылы Алматы қаласы ІІМ академиясын бітіріп, еңбек жолын Астана қаласы Есіл ауданы Жедел криминалистика тобында бастаған. 2016 жылдан бері қазіргі басқармада қызмет етеді.



– 2025 жылы Астана қаласы ЖК бөліністері криминалистері 250 қаруға зерттеу жүргізді. Соның ішінде 32 қару нөмірсіз қару санатына жатады. Нөмірсіз қару дегеніміз – нөмір белгілері механикалық жолмен жойылған қарулар. Қылмыскерлер оны бастапқы шығу тегін анықтай алмау үшін әдейі жояды. Ол қарулар жоғалған, ұрланған болуы мүмкін. Мәселен, қарулардың ішінен, атап айтқанда, ПМ тапаншасы болған, оның нөмірлері химиялық жолмен қалпына келтірілді. Ол қару 2022 жылғы жаппай тәртіпсіздік кезінде Жамбыл облысы ПД-дан ұрланғаны анықталды. Тағы бір ТТ тапаншасының нөмірін анықтағанда, Ресейдегі әскери бөлімнен ұрланғаны белгілі болды, – дейді С.Жаншуақов.

Биыл наурыздың басында Қазақстанның криминалистика қызметінің құрылғанына 107 жыл толды. Өткен жылы ел бойынша криминалистер 6600-ден астам оқиға болған жерді қарауға және 6500-ден астам өзге де тергеу әрекетіне қатысып, 5231 зерттеу жүргізді және шамамен 1000 қылмыстың ашылуына ықпал етті. Атаулы күнге орай Астана қаласы Полиция департаментінде криминалистика қызметінің дамуына елеулі үлес қосқан қызметкерлер марапатталған еді. Сонда Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаев криминалист мамандығы жоғары кәсіби дайындықты ғана емес, үлкен жауапкершілікті де талап ететінін, әрбір қылмыстық іс криминалист мамандардың тыңғылықты жұмысынан басталатынын атап өтті. Тек кәсіби маман ғана байқай алатын әрбір із, әрбір ұсақ-түйек ақиқатты анықтаудың негізіне айналады. Бүгінгі таңда криминалистика саласы күннен-күнге технология тұрғысынан дамып келеді, алайда оның басты ресурсы – адамдар, яғни олардың білімі, табандылығы, кәсібилігі мен қызметке адалдығы.



«ПОЛИЦИЯ БАРЫСЫ» АТАНДЫ

Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкері Жамбыл облысында тартысты өткен «Полиция барысы» республикалық турнирінде елорданың намысын абыроймен қорғады.

Турнир қорытындысы бойынша қазақ күресінен сынға түскен Жедел қимылдайтын арнайы жасақ қызметкері, полиция аға лейтенанты Тәңірберген Тергеубеков бірінші орын алып, «Полиция барысы» құрметті атағын иеленді. Оған салтанатты түрде көшбасшылық пен жоғары спорттағы жетістіктің белгісі саналатын «алтын белбеу» табысталды. Қызметкер жоғары дайындық деңгейін, қайсар рухын және жеңіске деген ұмтылысын көрсете отырып, ішкі істер органдары жүйесіндегі ең мықтылардың бірі екенін дәлелдеді.

Екі күнге созылған жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 50-ге жуық қатысушы жиналып, тәжірибе алмасуға және кәсіби шеберлігін көрсетуге мүмкіндік алды. Үздік қатысушылар сәуір айында Алматы қаласында өтетін «Әскер барысы» республикалық турнирінде өз бөлімшелерінің намысын қорғау құқығына ие болды.

Ал Астана қаласы Полиция департаменті қызметтік-қолданбалы спорт түрлерін дамытуға, қызметкерлердің дене дайындығын нығайтуға және командалық рухты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуді жалғастыруда.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

ЧЕЛЛЕНДЖДЕН ШЕТ ҚАЛМАДЫ

Астаналық мәдениет саласының өкілдері «Өзіңнен баста!» челленджіне қатысып, бастаманы кеңінен насихаттауға үлес қосты. Аталған челлендж қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыруға, қоршаған ортаға жанашыр көзқарасты нығайтуға және азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Челлендж аясында Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының актрисасы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Жакилина, «Жастар» театры директорының міндетін атқарушы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мақпал Мыса, Жастар сарайы директорының орынбасары Әділ Орынбасаруұлы, сондай-ақ «Астана» эстрада-симфония оркестрінің бас дирижері Қасым Айтбаев қолдау білдіріп, эстафетаны жалғастырды. Олар өздерінің жеке әлеуметтік желілердегі парақшаларында тазалықтың тек қоршаған ортаны күтіп ұстаумен шектелмейтінін, оның ең алдымен таза ойдан, ізгі ниеттен және ортақ іске деген жауапкершіліктен басталатынын атап өтті. Мәдениет саласы өкілдерінің пікірінше, қоғамға, табиғатқа және қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау – мәдениеттің ажырамас бөлігі әрі өркениетті қоғамның маңызды көрсеткіші. Сонымен қатар олар «Таза Қазақстан» бастамасының бір реттік акция шеңберінде қалып қоймай, қоғамның күнделікті өмір салтына, экология мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс екенін ерекше атап өтті.



ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ ЕРЛЕП ТҰР

Елорда жастары Есіл өзенінің жағалауын тазалау іс-шарасына қатысты. Акцияны Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты ұйымдастырды.

Тазалық шарасы жағалау бойындағы аумақты, оның ішінде Президент саябағы маңын қамтыды. 100-ден астам қатысушы қыс мезгілінен кейін жиналған қоқысты тазалап, өзен жағасын ретке келтірді. Іс-шара барысында «Таза Қазақстан» туы салтанатты түрде ашылып, бұл экология маусымының басталғанын және қатысушылардың табиғатты қорғау идеясында біріккенін білдірді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл орын кездейсоқ таңдалмаған. Себебі қар ерігеннен кейін қоқыс көбіне жағалау аймақтарында жиналады. Сонымен қатар іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында экология мәдениетін қалыптастыру және тұрғындардың қоршаған ортаның тазалығына деген жауапкершілігін арттыру.

Мәслихат депутаты әрі Amanat партиясының «Жастар рухы» жастар қанаты филиалының төрағасы Арсланбек Мағзұм мұндай экология акциялары жыл бойы жүйелі түрде өтетінін айтты.

– Бұл жолы 100-ге жуық белсенді жас жиналды. Есіл өзенінің бойын тазалап жатырмыз, себебі дәл осы жерде қыс мезгілінен кейін қоқыс көп жиналады. Біздің мақсат – қала тұрғындарына экология мәдениетін қалыптастыру. Әркім тазалықты өзінен бастауы керек. Қазір жастар мен қала тұрғындарының сенбіліктерге белсенді қатысып жатқанын көріп отырмыз. Бұл жақсы дәстүрге айналып келеді. Мұндай іс-шаралар – тек тазалық қана емес, сонымен қатар қарым-қатынас, пікір алмасу, нетворкинг алаңы, – деді депутат.

Ал «Жастар рухы» жастар қанатының белсендісі Наргиз Имантаева осындай игі бастамалардың маңызына тоқталды.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік өткіздік. Осындай бастамалар өте маңызды деп есептеймін, өйткені олар қаланы таза етіп қана қоймай, адамдардың жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Тазалық әркімнен басталады, сондықтан баршаңызды осындай акцияларға қатысуға шақырамыз, – деді ол.

ЧЕК-ПАРАҚТАР ТАРАТЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» ауқымды экология шарасы аясында елордалық кәсіпкерлерге тазалық пен тәртіпті сақтау жөніндегі ұсынымдар жазылған чек-парақтар таратылды.

Астана қаласының әкімдігі 2024 жылы кәсіпкерлерге арнап тазалық пен тәртіпті жыл бойы сақтау бойынша ұсынымдары бар чек-парақшалар әзірлеген еді. Маусымдық ерекшеліктер көктем, жаз, күз және қыс деп төрт форматқа бөлінген. Өз аумақтарын тиісті деңгейде ұстауға арналған маусымдық жоспар Республика даңғылы бойында орналасқан жеке ұйымдарға үлестірілді.

– Алғаш рет екі жыл бұрын әзірленген арнайы чек-парақшалар әр маусымға бейімделген ұсынымдарды қамтиды және маусымдық ерекшеліктерді ескереді. Акция қаладағы тазалық пен тәртіпті сақтауға 250 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілерін тартуға бағытталған. Бизнестің осыған белсенді қатысуы елорданың дамуына оң ықпал етеді, – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бөлім басшысы Шухрат Жораев.

Қалыптасқан ұсынымдар қажетті жұмыстар тізімін қамтиды. Мәселен, көктемде шатырларды қардан дер кезінде тазалау, жасыл желектерді бұтау және отырғызу қарастырылған. Жаз мезгілінде ағаштар мен жасыл желектерді күтіп-баптау, суару жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету, тұрақты сенбіліктер өткізу көзделген. Күзде кіреберіс аймақтарға тайғанаққа қарсы жабын орнату, жылыту маусымына дайындық жүргізу қажет. Қыста кіреберістерді мұзға қарсы қоспамен өңдеу және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттеледі. Айта кетейік, бұл ұсынымдардың негізгі мақсаты – қала мен қоршаған ортаға жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру әрі дамыту.



Бетті дайындаған **Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

ЭКОЛОГИЯ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Бас қалада Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №6 балалар кітапханасында «Экология әлеміне саяхат» атты экоквест ұйымдастырылды. Зияткерлік форматтағы іс-шара балалардың экологиялық ойлауын қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарым-қатынасын дамытуға және қоршаған орта туралы білімін бекітуге бағытталды.

Экоквест барысында №86 «Зияткер» балабақшасының тәрбиеленушілері тақырыптық станциялардан өтіп, экология мәдениетін дамытуға және қоршаған ортаға жеке жауапкершілікті сезінуге бағытталған түрлі тапсырманы орындады. Ойын форматы балалардың қызығушылығын арттырып, жаңа білімді тиімді меңгеруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар №6 балалар кітапханасында «Таза Қазақстан» тақырыбы аясында оқырмандар назарына тақырыптық кітап көрмесі ұсынылып, экология тәрбиесіне бағытталған түрлі форматтағы танымдық және тәрбиелік іс-шаралар тұрақты түрде өтіп келеді. Бұл бастамалар жас ұрпақтың экология мәдениетін қалыптастырып, табиғатқа жанашыр көзқарасын дамытуда маңызды рөл атқарады.



– Біз балаларға экологиялық білімді қызығушылық пен белсенді қатысу арқылы жеткізуді мақсат еттік. Кітап – негізгі құрал, ал ойын форматы материалды жақсы меңгеруге және табиғатқа саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді, – деді №6 балалар кітапханасының кітапханашысы Малика Смайылова.

ОҚЫРМАНДАРҒА ОЙ САЛДЫ

Астана қаласындағы №1 балалар кітапханасында табиғатқа жанашырлықпен қарауды қалыптастыруға бағытталған экология сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара балаларға табиғатты сүюді дәріптеуге бағытталып, «таза орта» мен «таза ой» ұғымдарын ұштастырды.

Оқушылар экология мәдениетінің негіздерімен танысып, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін және табиғи ресурстарды сақтаудағы адамның рөлін талқылады. Қатысушылар табиғатты қорғаудың маңызы туралы өз ойын ортаға салып, белсенділік танытты.

– Айтылған әрбір ой, ұсынылған әрбір кітап балалардың табиғатқа деген жанашыр көзқарасын қалыптастырады. Осындай игі бастамалар арқылы біз келер ұрпаққа таза әрі көркем әлемді аманаттай аламыз. Таза орта таза ойдан басталады, ал табиғатты қорғау – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз, – деді №1 балалар кітапханасының меңгерушісі Гүлкен Ахметова.

Соңында оқырмандарға «Қоршаған ортаны сақтайық» атты тақырыптық кітап көрмесі ұсынылды. Айта кетейік, кітапханада «Таза Қазақстан» тақырыбында балаларға арналған түрлі танымдық әрі тәрбиелік іс-шаралар тұрақты түрде өтеді. Олар жастардың экология сауатын арттырып, табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.



МЕДИЦИНА САЛАСЫНА СІЛКІНІС КЕРЕК

Денсаулық сақтау саласы соңғы жеті жылда басы даудан арылмай келе жатқан сала болды. Оған дәлел ретінде Қызылордада өткен ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан төмендегі сөзі дәлел: «Медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына жүргізілген кешенді тексеру көптеген заң бұзушылық пен теріс пайдалануды анықтады. Негізінен, бұл – қарабайыр қосып жазу деректері мен мемлекеттік қаражатты аса ірі көлемде жымқыру мақсатында құжаттарды қолдан жасаудың өрескел фактілері. Экономиканың сапалы өсуін қамтамасыз етуге, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға және денсаулық сақтау саласын дамытуға бүкіл ел күш-жігері мен қаржысын жұмылдырып отырған шақта, әлеуметтік салаға бөлінген қомақты қаражаттың ашықтан-ашық талан-таражға салынуы жол беруге болмайтын жағдай» деді Мемлекет басшысы.

Бұған дейін денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржының аз еместігін, оны үнемдеп істетудің жолдарын, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік экспертизация және негізсіз техникалық регламенттер жайлы «Астана ақшамы» газетінде жазған болатынбыз. Ал ендігі кезек денсаулық сақтау мекемелеріндегі міндетті медициналық сақтандыру арқылы қаржыландырылатын медициналық мекемелердің қызмет сапасын арттыру, өнімділігін жоғарылату, қаржыны орынды және үнемді жұмсау, ұзаққа созылған кезектерді азайту немесе жою, жалған қызмет көрсету арқылы мемлекеттің және медициналық сақтандырудың қаржысын ұрлатпау жайлы өз ой-ұсынысымызды жүйелеп көрейік.

Бірінші: МӘМС жүйесімен жұмыс істейтін медициналық мекемелер неге жаппай жалған қызмет көрсету, МӘМС қаражатын ұрлауға көшті? Бұған бір себеп ретінде медициналық мекемелердің басшыларының, құрылтайшыларының тек қана пайда табуды ғана көздеп кетуі жалғыз себеп емес, біздің елімізде медициналық қызметке берілген тарифтердің төмендігі де әсер етуде. Медициналық мекемелер әртүрлі шығындарды МӘМС арқылы бөлінген қаражатпен жаба алмаған жағдайда медициналық мекемелер медициналық қызметтің санын көбейту, көлемін көбейтіп көрсету, жоқ науқастарды емдеу есебінен шығындарды жабады.

Медицина саласында қолданатын техникалар, медициналық жабдықтар мен материалдар, дәрі-дәрмектер бұл күнде 90% жоғары импортқа тәуелді. Олай болса, тарифтерді шынайы нарықтағы жағдаймен, бағалармен есептеп, жоғарылату қажет. Сонымен бірге емханаға, ауруханаға ағатын пациенттің жүктемелігін азайтудың нақты практикаға, халық сенетіндей жолдарды ұсыну қажет. Пациент ағынын азайтамыз деп медсестраларды науқасқа қарсы қойып, фильтр жасау пациенттердің күдігін одан әрі көбейтіп, дәрігерлердің жүктемесін одан әрі күшейтеді. Ол үшін халыққа мемлекеттің қаражатымен жұмыс істеп келе жатқан телеарналарда, олардың цифрлық контенттерінде, ақпараттық сайттарда халықтың денсаулық қорғау саласында дұрыс, танымдық мәдениетін қалыптастыру қажет. Қажетсіз зертханалық зерттеулердің, аппаратпен зерттеулердің, мамандарға жүгінудің денсаулық сапасын көтеретін критерийлер емес екенін, қайта уағында профилактика, күтім жасаудың маңызын танымалдыққа жеткізу қажет. Медициналық мамандар арасында дұрыс ақпарат, таным, пайдалы кеңес беретін мамандардан жұлдыз жасап, халыққа денсаулықтың қадірін түсінуге, медицина мамандарын түсінуге, құрметтеуге жұмыс жасау қажет.

Ақпараттық арена – қай саланы да өсіретін де, құлататын да майдан. Соңғы кезде еліміз медицина қызметінің сапасына, профилактикалық әртүрлі вакциналарға, тіпті зерттеулер арқылы өндірілген дәрі-дәрмектерге қарсы ақпарат ағыны көбейіп кетті де, еш ғылыми негіз жоқ, әртүрлі БАД, белгісіз өнімдер, емші-домшылар халық алдында жұлдыздарға айналды. Бұл да – халық денсаулығына, денсаулық саласына әсер ететін үлкен мәселе.

Екінші: медициналық ұйымдардың нақты, жұмыс істейтін стандарты қажет. Қазіргі стандарттар формалды. Сондықтан медициналық ұйымдарды тек үш деңгейіне емес, қызмет көрсететін халық санына, көрсететін қызмет түріне, нақты жүктемесіне қарай стандарттау қажет. Бұл стандарт тек жабдық тізімі емес, республикалық, облыстық (қалалық), аудандық және ауылдық (округтік) медициналық мекемелердің ең төменгі техникалық жабдықталу стандартын қайта қарап, медициналық мекемелердің республикалық, облыстық, аудандық статусына ғана емес, олар қызмет көрсететін халықтың санына, көрсете алатын медициналық қызмет түрлеріне, қолдана алатын мамандарына байланысты икемді және жұмыс істейтін стандарт жасау қажет. Халқы аз жерде қажет емес немесе сирек қолданатын, қолданылмай тұратын медициналық жабдықтарды алмау, тек қана ең төменгі шектік стандарттан өту үшін қажетсіз медициналық жабдықтарға қаржы шығындамау керек. Сонда ғана мыңдаған медициналық мекемелерде қолданылмай, мыңдаған медициналық аппараттар шаң басып қоймада бекер тұрмайды. Жан саны 360 мың болатын Сарыағаш ауданының аудандық емханасы жан саны 230 мыңдық Ұлытау облысының ауруханасынан неге кем жабдықталуы қажет?

Сонымен қатар, бұл стандарттарға тек медициналық жабдықтармен ең төменгі стандартын белгілеу ғана емес, сол жабдықтармен жұмыс істейтін, жабдықтарсыз жұмыс істейтін мамандардың ең төменгі шегін, құрылыс ауданы, техникалық-инженерлік, электрлік жүйенің ең төменгі шегін белгілеу қажет, егер медициналық мекеме аталған стандарттардың ең төменгі шегінен өтпеген медициналық мекемелердің лицензия алуына қосымша уақыт беріп, стандарттардан өтуге белгілі уақыт беру қажет, сол белгілі уақыт ішінде қажетті стандарттардан өтпесе, лицензиясын тоқтата тұруға немесе баламалы жол қарастыру қажет. Стандарттардан өткізуде бармақ басты, көз қысты болмас үшін сол медициналық мекеменің стандарттарға сәйкестігі, толық протоколды және шешімі Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында жариялану қажет.

Үшінші: Жоғарыдағы стандарттардың ішінде медициналық жабдықталу, құрылыс-инженерлік жабдықталудың ең төменгі стандартына жету үшін мемлекеттік сатып алулар жүреді. Алайда қазіргі денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сатып ауларды бюжеттік немесе міндетті медициналық сақтандыру қоры қаражатынан іске асыруда қағазбастылық, бюрократия өте жоғары.

Мемлекеттік тіркеу, техникалық және клиникалық негіздеме туралы сараптама, оңтайлы техникалық сипаттама сарапатамасы, сәйкестік сертификат, сапа сертификаты, метрологиялық өлшеуге жататын-жатпайтыны жайлы сараптама, санитарлық-эпидемологиялық қорытынды сараптамасы, радиациялық қауіпсіздік сараптамасы, техникалық характеристикаға сәйкестік бойынша сараптама, осы аталған сараптамалар мен сертификациялар медициналық жабдықтардың, шығын материалдың, дәрі-дәрмектердің бағасының бірнеше есе өсуіне өз әсерін тигізеді. Өйткені аталған сараптамалар мен қорытындыларды алу үшін белгілі қаражатты талап етеді, әрі алу барысында уақыт, әкімшілік кедергілер, оң шешім алу, коррупциялық байланысқа итермелейтін жүйеге әкелуі мүмкін. Бұл өз кезегінде тауардың бағасына, қолжетімділігіне әсер етеді.

Елімізге кіретін медициналық жабдықтармен техникаларға біртұтас халықаралық стандарттар ISO, IEC талаптарына сәйкес келетін, сертификатталған техникалармен жабдықтар енгізіледі. Мемлекет бір қолымен жабдықталуға, жабдық тіркелуінің көп болуына, бәсекелестік жоғары болуын қамтамасыз етеміз деп, екінші қолымен мемлекеттік экспертизациялық орталықтар арқылы тіркелетін жабдықтардың санын шектеп, бәсекелестікке кедергі жасап, нарыққа көп техникалармен жабдықтардың, көп компаниялардың жұмыс істеуіне кедергі жасамау қажет.

> Халқы аз жерде қажет емес немесе сирек қолданатын, қолданылмай тұратын медициналық жабдықтарды алмау, тек қана ең төменгі шектік стандарттан өту үшін қажетсіз медициналық жабдықтарға қаржы шығындамау керек

Төртінші: Медициналық мекемелердің жабдықталуын, техникалық базасын, мамандардың құрамын, біліктілігін, қызметін цифрландырудың жаңа заманы келді. Енді осыдан 7-8 жыл бұрынғы дамумед жүйесі қазіргі жағдайға жауап бере алмайды. Оны уақыт өзі көрсетіп берді. Дамумед арқылы жасалған жалған емдеу, ерлерді әйелдер ауруымен, әйелдерді ерлер ауруымен, бір адамның 84 тісін емдеу дегендердің бәрі дамумед жүйесінің осы заманғы талаптарға сай келмейтінін, заман талабына жауап бермейтінін көрсетеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азияда тұңғыш рет жасанды интеллекті министрлігін құрды. Бұл озық технология мен техникаларды қолдануға деген үлкен талпыныс туғызады. Олай болса, жасанды интеллектіні денсаулық саласына интеграция жасап, жасанды интеллекті қатысумен біртұтас жаңа жүйе құруды бүгін бастау қажет. Цифрландыру – тек тіркеу емес, бақылау құралы болуы тиіс, қазіргі жүйелер тек тіркеу жүргізеді, ал бақылау, талдау, шешім қабылдау жоқ. Сондықтан жаңа кезеңде цифрлық жүйе есеп жүргізетін емес, басқаруға көмектесетін жүйе болуы тиіс. Жүйе автоматты түрде бір пациентке сәйкес келмейтін ем көлемін анықтау, бір дәрігердің физикалық мүмкіндігінен тыс жүктемені белгілеу, қажетсіз анализдер мен тексерулерді көрсету, емдеу протоколынан ауытқуды белгілеу, қажетсіз дәрі тағайындау, қажетсіз шығындарды анықтау қажет.

Бесінші: Денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржының мөлшермен 65-70%-ы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға жұмсалады. Қаржыны көп талап ететін де – осы сала. Қазіргі жүйе бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды шетелден сатып алу тек қана «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа қарасты «СК-Фармация» ЖШС арқылы жүргізіледі. Үкіметтің уәжіне сүйенсек, бұл орталықтандырылған сатып алуды, бағаның төмен, тұрақты болуын қамтамасыз ететін көрінеді. Оның да қисыны бар шығар, алайда «СК-Фармация» ЖШС Қазақстанда дәрі-дәрмек, медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттауды толық монополиялап, ашық бәсекелестікке кедергі келтіріп отырған жағдайлар да бар.

Монополия тек сырттан кіргізілетін дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың импортталуын ғана емес, олардың түрлерін, әртүрлі баламаларын, соның ішінде қымбат тауарлардың сипаттамасы, құрамы ұқсас, бірақ бағасы арзан баламалы тауарларды қарастыру мүмкіндігін де монополиялап алған. Жапония елінде қаржы үнемдеудің ең үлкен жолы қымбат, бренд компанияларының өніміне балама болатын, бағасы төмен, бірақ сипаттамасы, құрамы ұқсас өнімдерді таңдайды. Ал Қазақстанда «СК-Фармация» ЖШС өздері таңдаған немесе бұрыннан келе жатқан мердігерлермен келісімшартты жалғастырады. Егер бұл сала ашық бәсекеге жол ашып, ондаған бәсекелес компаниялар жұмыс істесе, Жапониядағыдай әр компания халыққа, бюджетке, өздеріне де тиімді, арзан әрі сапалы медициналық бұйымдарды іздеп, бәсекеге дайындалады. Сондықтан Қазақстан Үкіметі «СК-Фармацияның» монополиясын бұзып, бұл саланы ашық бәсекеге жіберуі қажет.

Алтыншы: медициналық аппараттар мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттырып, функционалды мүмкіндігін толық пайдаланып, қызмет көрсету мерзімін ұзарту үшін медициналық жабдықтарды дұрыс, қауіпсіз, толық мүмкіндіктерін қолдануды, медициналық шығынға кететін материалдарды дұрыс, үнемді, тиімді қолдануды оқытатын, сертификаттайтын талаптар енгізіп, ауруханада медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсын міндеттеу және іске асыру керек.

Еліміздегі 1200-ге тарта үлкенді-кішілі медициналық мекемелер жыл сайын жүз миллиондаған теңгені метрологиялық тексеруге жұмсайды. Метрологиялық тексеруді қажет етпейтін, Қазақстанда оны метрологиялық тексеруден өткізе алатын аппарат жабдықтары жоқ болса да, тек сертификат үшін ғана келісімшарттар жасалып, мемлекет қаржысын текке жұмсайтын, метрологиялық тексерудің орнына калибровканы ғана қажет ететін импортталған медициналық аппараттар аз емес. Сондықтан Қазақстан стандарттау және метрология институты тізімін қайта қарап, халықаралық стандартқа сай келмейтін, метрологиялық сертификаттау үшін қажеттілік жоқ медициналық жабдықтарды тізімнен алып тастау қажет. Бір бұйрықпен бұл саланың қызметі толық шешілмейді. Бұйрық орнына «Клиникалық инженерия бағдарламасын» қабылдап, оны сынақ жоба ретінде іске асыруды қазірден бастау қажет.

Қазақстан медицинасы бүгінде екі қысымның ортасында тұр: бір жағында – халықтың өсіп жатқан сұранысы, екінші жағында – ескірген басқару тетіктері. Бұл жағдайдан шығуға косметикалық өзгерістер жеткіліксіз. Қазіргі Қазақстан – жас мемлекет санатында, балалар үлес саны мөлшермен – 32 пайыз, жұмысқа жарамды халық саны – 58 пайыз, зейнет жасындағы – 10 пайыз, алайда 2030-2035 жылдар 1960-1970 жылдарда туылғандар зейнеткерлікке шығып, зейнеткерлер жасы 15-18 пайызға дейін өсуі мүмкін. Екінші толқын зейнеткерлер жасы 2036-2045-терде 1980-1990 жылдары туған үлкен толқын зейнетке шығады. Бұл дегеннің өзі – денсаулық сақтау саласына алдағы 10-20 жылда алапат ауыр салмақ, ауыр жүк келе жатқанның дәлелі. Денсаулық сақтау министрлігі тек бүгінгі күннің проблемасымен ғана күреспей, еліміздің демографиялық жағдайын сараптай отырып, үлкен стратегиялық жоспарлар жасап, қазіргі кездегі демографиялық мүмкіндіктерден пайдаланып, қомақты бөлініп жатқан қаржыларды тиімді жұмсап, стратегиялық жобаларды іске асырмаса, алдағы 10-20 жылдан кейін үлкен сынақ күтіп тұр. Көптеген дамыған елдерде бұл сынақтардан өткен, қазір де осы жағдаймен күресіп жатқан елдер жетеді. Сондықтан алдағы аз ғана уақытта денсаулық сақтау саласына батыл реформалар жасап, жасанды интеллекті жүйесін осы салаға жүйелі және сапалы кіргізіп, еліміздің қалалану мен демографиялық өсу бағыт-бағдарын зерттеп, талдау жасап, алда келе жатқан қиындықтарға төтеп беретін стратегиялық жоспарлар қабылдану қажет.

Медицина – эксперимент алаңы емес. Мұнда уақыт жоғалту – үлкен тәуекел. Ал тиімді жүйе дәл уақытында қабылданған шешімдерден басталады. Стратегиялық жоспарға, жүйеге философиялық тұрғыдан жаңа көзқарас қажет: әрбір шешімді жеке дәлелдеуге емес, алдын ала есептелген, ғылыми негізделген стандарттарға анализдерге, жоспарларға сүйену қажет.

Серік МҰРАТХАНҰЛЫ,
«Ұлттық нейрохирургиялық орталық» АҚ медициналық жабдықтарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

Таяу Шығыстағы кезекті шиеленіс халықаралық саясаттың бірнеше қабатын бір мезетте ашып көрсетті. Әскери қысым, қоқан-лоққымен қатар жүріп жатқан күрделі дипломатиялық келіссөздер және ірі державалардың ішкі саяси тартыстары бір-бірімен астасып, көпқабатты геосаяси дағдарысты қалыптастырды. Соңғы мәлімдемелер мен күтпеген шешімдер бұл ахуалдың тек Таяу Шығысқа ғана емес, әлемдік қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылыққа тікелей әсер ететінін де айқын аңғартты.



ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ИТЖЫҒЫС: КІМ ҰТТЫ?

ҚЫРЫҚ ҚҰБЫЛҒАН ТРАМП

Бұл шиеленістің өзегінде Дональд Трамп пен Иран арасындағы күрделі текетірес жатыр. Вашингтонның қатаң риторикасы мен жойқын әскери әрекетке дайын екендігін білдірген мәлімдемелері, Тегеранның стратегиялық тұрғыдан қайтарған жауап қадамдары, әсіресе Ормуз бұғазы төңірегіндегі шешімдері әлемдік сауда мен қауіпсіздік жүйесіне тікелей әсер етті.

Таяу Шығыстағы қазіргі дағдарыстың қалай өрбігенін түсіну үшін Дональд Трамп тарапынан қойылған дедлайндар мен қатаң мәлімдемелер тізбегіне назар аудару қажет. Бұл талаптар бір жағынан қысым құралы болса, екінші жағынан жағдайды қауіпті шекке дейін жеткізген негізгі факторға айналды. Вашингтонның ультимативті риторикасы кезең-кезеңімен күшейіп, әскери соққы қаупін нақты уақыт байланыстыра отырып, аймақтағы шиеленісті шарықтау шегіне жеткізді.

21 наурызда Трамп Иранға 48 сағат ішінде Ормуз бұғазы ашылмаса, стратегиялық нысандарға соққы жасалатынын мәлімдеп, кейін бұл мерзімді 6 сәуірге дейін ұзартты. 3 сәуірде ол «Иран тозаққа айналмас үшін 48 сағат уақыты бар» деп қысымды күшейтсе, 4 сәуірде «7 сәуір – электр станциялары мен көпір күні болады» деп нақты уақытты атады. Ал 7 сәуір күні, шешуші сәтке санаулы сағат қалғанда, «бүгін түнде тұтас бір өркениет жойылады» деп мәлімдеді. Осы кезде американдық бомбалаушы ұшақтардың Иран бағытына бет алғаны туралы ақпараттың таралуы қауіптің нақты әрі шынайы екенін көрсетті.

Сонымен қатар, халықаралық БАҚ келіссөздердің әскери шиеленіспен қатар жүріп жатқанын хабарлады. Делдал ретінде Түркия, Пәкістан және Мысыр араласып, негізгі мақсат – Дональд Трамп жариялаған ультиматум мерзімін ұзарту болды. Яғни, бір мезетте екі процесс қатар өрбіді: бір жағынан, әскери эскалация шарықтау шегіне жетсе, екінші жағынан, соңғы сәтте дипломатиялық келіссөздер қызу жүргізілді.

Дәл осы ең қауіпті сәтте күтпеген бұрылыс белең берді. Пәкістанның арағайындығымен АҚШ пен Иран екі аптаға атысты тоқтатуға келісті: Иран Ормуз бұғазын дереу ашуға, ал АҚШ әскери соққыларды тоқтатуға уағдаласты. Осы уақыт ішінде тараптар толыққанды келісімге келуге талпыныс жасамақ. Бұл қадам халықаралық қауымдастық жағынан әскери қақтығыстың шарықтау шегінде жасалған маңызды дипломатиялық мүмкіндік ретінде бағаланды.

Келісімге Израиль де қосылып, Иран мен Ливан бағытындағы шабуылдарын тоқтатты. Иранның прокси күштері де әрекеттерін уақытша доғарды. Жалпы аймақтағы негізгі ойыншылардың атысты тоқтатуға қосылуы шиеленісті бәсеңдетіп, нарықтарға да әсер етті, мұнай бағасы күрт төмендеді.

Алдын ала мәліметтерге сәйкес, 10 сәуірде Пәкістанда АҚШ пен Иран арасындағы ресми келіссөздер басталуы мүмкін. Иранның СІМ басшысы Арагчи келіссөзде АҚШ-тың 15 ұсынысы, Иранның 10 ұсынысы қаперге алынатынын айтуда.

ЕКІ ТАРАП ТА БІЗ ЖЕҢДІК ДЕП ЖАР САЛУДА

Келісімнен кейін Иран билігі бұл нәтижені «жеңіс» деп бағалап, өз мақсаттарына жеткенін мәлімдеді. Ал Дональд Трамп бұл шешімді Пәкістан басшылығымен жүргізілген келіссөздердің нәтижесі ретінде түсіндіріп, Шехбаз Шариф пен Асим Мунир тарапынан жасалған өтініштер ескеріліп, сондай-ақ Иран Ормуз бұғазы толық, жедел және қауіпсіз ашуға келіскен соң бұл шешім қабылданғанын айтты.

Трамп өз мәлімдемесінде АҚШ барлық әскери мақсаттарға қол жеткізгенін және тіпті асыра орындағанын атап өтті. Сонымен қатар, ол Ираннан түскен 10 тармақтан тұратын ұсынысты келіссөздердің негізі ретінде қарастыруға болатынын айтып, екі апта ішінде түпкілікті бейбіт келісімге қол жеткізуге мүмкіндік бар екенін жеткізді. Оның сөзінше, негізгі даулы мәселелердің басым бөлігі келісілген, ал уақытша бітім – келісімді рәсімдеуге арналған кезең. АҚШ президенті бұл процесті Таяу Шығыстағы ұзаққа созылған дағдарысты шешуге жасалған маңызды қадам ретінде бағалап, аймақтық бейбітшілікке жақындағанын мәлімдеді.

ИРАННЫҢ ҰСТАНЫМЫ ҚАНДАЙ?

Иран ұстанымына келсек, ресми Тегеран келіссөздерге дайын екенін білдіргенімен, бірқатар қатаң әрі стратегиялық талаптар қойып отыр. Иран БАҚ-тарының хабарлауынша, бұл талаптар тек уақытша бітіммен шектелмей, аймақтағы күштер балансын түбегейлі қайта қарауға бағытталған.

Атап айтқанда, Иран ең алдымен, АҚШ тарапынан қайта агрессия жасамау туралы нақты әрі заңды міндеттеме талап етеді. Сонымен қатар Ормуз бұғазы үстінен бақылауын сақтап қалуды, бейбіт мақсатта уран байытуға рұқсат беруді және барлық экономикалық санкцияларды толық жоюды алға тартып отыр. Бұған қоса, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен МАГАТЭ қабылдаған резолюциялардың күшін жою, Иранға келтірілген шығын үшін өтемақы төлеу, АҚШ әскери күштерін аймақтан шығару және Иранға жақтас прокси күштерге қарсы операцияларды тоқтату талаптары да бар. Бұл талаптар Иранның тек қорғаныс емес, аймақтық ықпалын заңдастыруға бағытталғанын көрсетеді.

Осы арада АҚШ-тың ішкі саяси кеңістігінде де жағдай ушыға түсті. Axios басылымының жазуынша, Дональд Трамп Иранға қатысты қатаң әрі даулы мәлімдемелерінен кейін демократтар арасында оны қызметінен шеттету мәселесі талқылана бастады. Атап айтқанда, олар импичмент жариялау немесе 25-түзету механизмін қолдану мүмкіндігін қарастыруда. Бұл түзету президент өз міндетін атқара алмайды деп танылған жағдайда, вице-президент пен министрлер кабинетінің көпшілігі арқылы оны уақытша шеттетуге мүмкіндік береді. Алайда мұндай шешім күшіне енуі үшін Конгрестің екі палатасында да үштен екі көпшілік дауыс қажет. Сарапшылардың пікірінше, республикашылдардың және Трампқа адал саяси топтардың қолдауынсыз бұл сценарийдің жүзеге асуы екіталай.

АҚШ ТА ШАРАСЫЗ ҚАЛҒАНДАЙ

Жалпы, Дональд Трамптың Иранға сес көрсетіп, кейін ұстанымын қайта-қайта өзгертуіне қарағанда, Вашингтонның да белгілі бір дәрежеде тығырыққа тірелгені байқалады. Ресми мәлімдемелерде АҚШ пен Израиль Иранның әуе қорғанысын, теңіз күштерін және зымыран әлеуетінің басым бөлігін жойдық деп жариялағанымен, тәуелсіз деректер бұл мәлімдемелердің толық шындыққа сай келмейтінін аңғартады. Мәселен, Reuters агенттігінің хабарлауынша, Иран зымыран қорының шамамен үштен бірі ғана жойылған.

Ал Израиль тарапының өзі Иранның қолында әлі де мыңнан астам зымыран бар екенін мойындап отыр. Бұл қарулардың едәуір бөлігі тау қойнауындағы қорғалған нысандарда сақталғандықтан, оларды толық жою аса қиын. Былайша айтқанда, ұзаққа созылған әскери текетірес Израиль мен АҚШ үшін де ауыр салмаққа айналып, олардың да ресурстық және саяси тұрғыдан шаршағанын көрсетеді. Мәселен, АҚШ соғыс басталғалы Иранға бағыттап 800-ден астам Tomahawk зымыранын қолданған. Бұл – қысқа мерзім ішінде өте үлкен көлемдегі қару шығыны. Ал бұл зымырандардың АҚШ-та жылына шамамен 100 шақтысы ғана өндірілетінін ескерсек, қазіргі қақтығыс Вашингтонның әскери қорына да айтарлықтай салмақ түсіріп отырғанын аңғаруға болады.

Оның үстіне, АҚШ осы уақытқа дейін соғысқа шамамен 50 миллиард долларға жуық қаржы жұмсаған. Қақтығыс барысында 13 әскери қызметкерінен және 7 ұшағынан айырылған, олардың қатарында құны жүздеген миллион доллар тұратын әскери техникалар да бар.

ІШКІ БІРЛІК БЕКЕМ

Иранның ішкі саяси ахуалының күрделенуі де АҚШ үшін күткендей тиімді нәтиже бермеді. Биліктің бытыраңқылыққа ұшырап, ықпалдың біртіндеп Ислам революциясы сақшылар корпусы қолына шоғырлануы жағдайды одан әрі қатайта түсті. Бұл құрылымның күшеюі Иранның сыртқы қысымға қарсы тұру қабілетін әлсіретудің орнына, керісінше, әскери және идеологиялық тұрғыдан қатаюына әкелуі мүмкін деген пікірлер бар. Сонымен қатар, Иранның жаңа рухани көшбасары Моджтаба Хаменеиінің денсаулығына қатысты ақпараттар да белгісіздік факторын күшейтуде. The Times басылымының хабарлауынша, 56 жастағы саясаткер ауыр жағдайда, Құм қаласында ем қабылдап жатыр және мемлекетті басқаруға қауқарсыз болуы мүмкін. Бұл дерек АҚШ пен Израиль барлау мәліметтеріне сүйенген дипломатиялық құжатта көрсетілгені айтылды. Бұған дейін оның соғыстың алғашқы күндерінде жараланғаны туралы ақпарат тараса, кувейттік «Аль-Джарида» басылымы оны Мәскеуге жеткізіп, ота жасалғанын жазған. Алайда бұл мәліметтердің ешқайсысын Иран тарапы ресми түрде растаған жоқ.

Өткен аптада АҚШ Иран аумағында қалып қойған ұшқышты құтқару үшін ауқымды операция жүргізіп, 100-ден астам ұшақ пен арнайы жасақты жұмылдырғанын мәлімдеді. Ресми дерек бойынша, операция сәтті аяқталып, ұшқыш аман-есен шығарылған. Алайда осы операция барысында АҚШ-тың екі ұшағы жойылғаны белгілі болды: Вашингтон оларды өзіміз жойдық десе, Иран тарапы бұл біздің соққының нәтижесі деп мәлімдеді.

Бұл жағдай бірнеше маңызды жайтты аңғартады. Біріншіден, АҚШ Иран аумағында шектеулі операциялар жүргізу арқылы қарсы тараптың қорғаныс жүйесін «тексеріп көруге» тырысқан болуы мүмкін. Екіншіден, операция барысында шығындардың болуы Иран аумағына тікелей әскер енгізудің қаншалықты қауіпті екенін көрсетті. Сондықтан әскери риториканың қатаңдығына қарамастан, келіссөздерге қайта оралу – тек саяси емес, сонымен қатар стратегиялық қажеттілік деп бағалаған дұрыс секілді.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АДАМЗАТТЫҢ ТАРИХИ ҚАДАМЫ

ARTEMIS II миссиясының астронавтары «Жерден ең алыс ұшқан экипаж» атанды.



Бұған дейінгі рекордты 1970 жылы 400 мың шақырымды бағындырған «Аполлон-13» ғарышкерлері орнатқан еді. ARTEMIS II экипажы бұл көрсеткішті 6 жарым мың қашықтыққа жаңартты. Тарихи сәтті миллиондаған адам тікелей эфирде тамашалады. Айды айналып ұшып өткен «Орион» ғарыш кемесі планетамызға қарай бет алды. НАСА ғалымдарының айтуынша, экипаж мүшелері 4 күнде Жерге оралуы тиіс. Ғарыш кемесі Калифорния штатының Тынық мұхиты жағалауына қонуға тиіс.

АШТЫҚ ҚАУПІ ТӨНІП ТҰР

Таяу Шығыстағы соғыс созылып кетсе, әлемде 45 миллион адам аштыққа ұшырауы мүмкін. Біріккен Ұлттар Ұйымына қарасты азық-түлік мәселесімен айналысатын барлық мекемелер осылай деп дабыл қағып жатыр.



Бұған басты себеп – АҚШ, Израиль мен Иран арасындағы қарулы қақтығыс, сонымен қатар Ливан мен Газа секторындағы ұрыс қимылдары. Әлемдік нарық үшін аса маңызды «Брент» маркалы мұнайдың баррелінің 110 доллардан асуы логистика, электр энергиясы мен ауыл шаруашылығы шикізаты шығындарының қымбаттауына алып келді. Жалпы салмағы 70 мың тоннаға жететін азық-түлік жүктері кідіріске ұшырап немесе басқа ұзақ әрі қымбаттау бағыттарға ауысуға мәжбүр. Аталған тамақ көлемі айына 4 миллион мұқтаж адамның жүрек жалғауына жететін еді. Биылғы егіске де үлкен қауіп төніп тұр. Өйткені алыс-беріс тыйылып, тыңайтқыш та үлкен тапшылыққа айналмақ.

ТМД-дан ШЫҒА МА?

Молдова парламенті ТМД-ны құру туралы келісім мен Достастық жарғысын жою туралы заң жобаларын қабылдады. Шешімді 101 депутаттың 60-ы қолдады.



Келісімнің күшін жою туралы бастама көтерген сыртқы істер министрлігінің айтуынша, ТМД-ның құндылықтары мен принциптерін қазіргі кезде Достастық елдерінің кейбірі сақтамайды. «Бұған қоса, ТМД келісімін жою – Еуроодаққа қосылу жолындағы табиғи әрі ажырамас қадам» деп жазылған ведомствоның түсіндірме хабарламасында.

Қазіргі кезде Молдова ТМД аясындағы 283 келісімнің 71-ін жойған, тағы 60-ы қаралып жатыр.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

«ӘЛІМХАН ӘЛЕМІН» ӘСПЕТТЕДІ

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, қазақ жерінің тұтастығы мен шекарасын айқындау жолында өлшеусіз еңбек сіңірген тұлға, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры, ағартушы-ұстаз Әлімхан Ермековтің туғанына биыл 135 жыл толып отыр. Осы атаулы дата аясында ұлтқа қызмет еткен тұлғаның өмірі мен мұрасын кеңінен насихаттауға арналған «Әлімхан әлемі» атты жинақ-кітап құрастырылып, баспадан жарық көрді.



Бұл – тарихи тұлғаның тағылымы мол рухани мұрасын жас ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған маңызды еңбек. Кітаптың тұсаукесері елордадағы Ә.Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейде Астана қаласы мектеп оқушылары арасында өткен «Әлімхан әлемі» зияткерлік ойыны мен математика пәнінен «Ермеков олимпиадасының» салтанатты ашылуы аясында ұйымдастырылды.

Іс-шараға белгілі қаламгер, ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай, қоғам қайраткері, ақын Әкім Ысқақ, белгілі композитор Кентау Назарбек, абайтанушы ғалым Жандос Әубәкір, ақын Айбатыр Сейтақ кітаптың ғылыми кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы Нұрбек Шаяхмет сынды зиялы қауым өкілдері қатысты.



Жалпы көлемі 274 беттен тұратын жинақ үш бөлімнен құралған.

Бірінші бөлім – «Әлімхан әлемі». Бұл бөлімде Алаш қайраткерінің өмір жолы, қоғамдық қызметі, ой-толғамдары мен өз еңбектерінен үзінділер қамтылған.

Екінші бөлім – «Әлімхан Әбеуұлы жайлы зерттеулер». Мұнда белгілі алаштанушы ғалымдар Тұрсын Жұртбай, Қанат Өскембаев, Тұңғышбай Мұқан еңбектерімен қатар, мектеп мұғалімдерінің ғылыми конференцияларда ұсынған мақалалары енгізілген.

Үшінші бөлім – «Әлімхан Әбеуұлын ұлықтау». Бұл бөлімде тұлға туралы пікірлер, поэмалар, арнаулар, пьеса және «Әлімхантану» курсының бағдарламасы топтастырылған.

Қадырғазы МҰҚАНОВ

ПАРАСАТ ЖОЛЫ

Бұл – тек жеке тағдыр емес, бұл ұрпаққа үлгі боларлық өмір мектебі. Оның өмір жолы – қарапайым ауыл баласының табандылық пен білім арқылы биікке көтерілгенінің айқын көрінісі. Ал Жанкелді үшін еңбек – адамдықтың басты белгісі еді. Оның еңбек жолы ресми қызметтен емес, ауылдың қарапайым тіршілігінен басталды. Мектептің 5-сыныбында жүргеннен-ақ шөп шабу, егін орағы сияқты маусымдық жұмыстарға араласып, өмірдің нағыз мектебінен өтті. Бұл – жай ғана еңбек емес, бұл балалық шақтан бастап қалыптасқан жауапкершілік пен төзімнің, адалдықтың алғашқы сабақтары еді.



Жасөспірім шағында қолына күрек пен айыр ұстаған бала, есейе келе өмірдің әр саласында да сол еңбеккорлығынан нәтиже шығара білетіні ақиқат. Жангелдінің әскери борышын өтеп келгеннен кейін, Алматыдағы құрылыс комбинатында бетоншы болып жұмыс істеуі – оның еңбектен қашпайтын, кез келген істі адал атқаруға дайын азамат екенін айқын көрсетті. Бұл кезең оның шыдамын, физикалық және рухани төзімділігін одан әрі шыңдады.

Студенттік жылдары да оның өмірі тек біліммен шектелмеді. Жаз айларын комбайн тізгіндеп, студенттік құрылыс отрядтарында өткізуі – оның еңбекті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырғанының дәлелі. Ол үшін еңбек – қосымша іс емес, адамдық тәжірибенің майданы болды. Содан да болар, еңбек жолын Торғай облысы Жақсы ауданындағы Құмай совхозында бастап, өмірдің шынайы тәжірибе мектебінен өтті. Ол ешқашан арамтамақ болмауды, маңдай термен өмір сүруді үйренді.

Жанкелді Ерденұлы Шымшықов – туған халқының тағдыры мен тарихы бостандыққа ұмтылған кезеңде күресе білген, өз заманының талабына жауап берген тұлға. Ол 1951 жылдың 7 сәуірінде Ақмола өңірінің қасиетті топырағында, бұрынғы Балкашин (Сандықтау) ауданына қарасты Жыланды ауылында дүниеге келді. Балалық шағы Атбасар ауданының Алғабас ауылында өтті. Сол ауылдың топырағы, сол кезеңнің деңгейіне сай білімді әке мен шешенің тәлім-тәрбиесі оның бойына еңбекқорлықты, қарапайымдылықты сіңірді. Оның әкесі Ерден Шымшықұлы соғыс ардагері болатын, бір аяғынан айрылғанына қарамастан қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары білімді мұғалімі ретінде ұзақ жылдар бойы қайтыс болғанша Атбасар ауданындағы жалғыз қазақ мектебінің директоры болды. Анасы Күлмаш Нұрпейісқызы да жоғары білімді математика ұстазы, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі атанған жан еді. Әкесі мен анасы да ұстаздығымен көрінген жандар ретінде балаларын ұятқа қалдырмауды, үлгілі болуды, еңбекке баулуды үйретететін. Балалары әке-шешенің айтқанын орындады, бәрі де айналасына үлгі-өнеге көрсете білді.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, білімге деген ұмтылыс оны үлкен жолға бастады. 1968 жылы Атбасар қаласындағы Ә.Майкутов атындағы қазақ мектеп-интернатын тәмамдаған ол қалаған оқуына түсе алмай, ауылда қарапайым еңбек етті, әскери борышын өтеді. Содан кейін ғана 1973 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетіне оқуға түсіп, 1978 жылы қызыл дипломмен аяқтады. Бұл – оның тек талапты студент емес, болашағынан үміт күттірген жас маман болғанын айғақтайды. Ол өзінің кәсіби жолын Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында аға оқытушы ретінде бастады. Уақыт өте келе ол тек оқытушы ғана емес, ғылым мен қоғамды байланыстыра білген сұңғыла ғалымға айналды. Петербургте микроэкономика, Алматыда макроэкономика бағыттары бойынша білімін жетілдіруі – оның үнемі ізденісте болғанын көрсетеді. Ғылыми-зерттеу мен педагогикалық қызметті қатар алып жүріп, ол жоғары оқу орындарында доцент, профессор ретінде талай шәкірт тәрбиеледі. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу институтының Астана филиалының директоры сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқаруы да – оның ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби біліктілігінің дәлелі.

Ол жеке шығармашылықпен де айналысып келеді. Домбырасын шертіп отырып, сөзі мен әнін өзі жазған «Алақан», «Айналдым» т.б. әндері де бар.

Жанкелді Ерденұлының еңбек жолы – бір адамның қызметтік өсуі ғана емес, тұтас бір дәуірдің интеллектуалдық келбетін айқындайтын жол болды. Осы жылдардың барлығында оның еңбекші қазаққа деген өмірлік құрметі қалыптасты. Осыдан болар, өзі де туған халқы үшін қандай қиын іс болмасын атқаруға әр уақытта дайын болды. Соның бір мысалы, 1990-1991 жылдары Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында болған зілзаланың салдарын жоюға белсене атсалысуы. Сол кезде Ақмола құрылыс-инженерлік институтының проректоры бола тұра, жүзге жуық студентті өзі бастап барып, Айнабұлақ совхозында жаңа үйлер салу ісін ұйымдастыруы – оның ел алдындағы азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Тарихтың әр кезеңінде уақыттың ағысымен бірге жүретіндер болады, ал сол ағысқа қарсы жүруге жүрегі дауалайтындар – саусақпен санарлық. Жанкелді Ерденұлы – сол сирек жандардың бірі. 1986 жылдың Желтоқсаны – қазақ жастарының намысы оянған тарихи сәт. Сол кезде Арқалықтағы санаулы азаматтардың бірі болып, ол бұл қозғалысқа іштей ғана емес, ашық түрде дем берді. Бұл – жай ғана көзқарас емес, бұл сол заман үшін үлкен тәуекел еді. 18 желтоқсан күні Қазақ радиосы арқылы КОКП-ның сол кездегі саясатына қарсы пікір білдіру – әркімнің қолынан келмейтін батыл қадам болатын. Осы жерде ескерте кететін нәрсе, торғайлықтар Желтоқсан көтерілісін 19 желтоқсанда қолдап шыққан еді. Жас оқытушы сол күні институт қабырғасында жарық көрген қабырға газетінде Ленинің орыс шовинизмін әшкерелейтін, көпшілік біле бермейтін мақаласын жариялады. Бұл ресми идеологияның өз ішіндегі қайшылықты көрсету, «қасиетті» деп танылған ұғымдарға күмән келтіру болатын. Жас оқытушының сол кездегі коммунистік жүйенің масқарасын шығарған білімділігі мен көзсіз батырлығы студенттерді көшеге сүйреді, әріптестерін іштей қолдауға мәжбүр етті.

1987 жылдан бастап Жанкелді Ерденұлының өмірі жаңа бір кезеңге қадам басты. Бұл енді тек ғалымның, ұстаздың немесе ұйымдастырушының жолы емес, бұл ашық саяси күрес жолы еді. Ол Целиноградқа ауысып келгеннен кейін уақыттың тынысын дөп баса білді. Ел ішінде әлі де үрейдің салқыны сейілмеген, ал шындық айту әлі де қауіп төндіретін кезең болатын. Бірақ ол бұл жолы да үнсіз қалуды таңдамады. Керісінше, қоғамдағы қозғалыстың алдыңғы шебінен табылды. «Невада – Семей», «Тіл және мәдениет», «Азат», «Қазақстан халық конгресі», кейін «Өрлеу» сияқты сол кезеңдегі ұлт тағдырына бейжай қарамаған ұйымдардың бел ортасында жүрді. Бұл ұйымдар – жай ғана қоғамдық бірлестіктер емес, олар тәуелсіздікке ұмтылған халықтың алғашқы саяси үнінің көрінісі еді. Ал сол үнді күшейтуге атсалысу – нағыз азаматтық ерлік болатын.

Жанкелді сол күрестің тек қатысушысы ғана емес, ұйымдастырушысы да болды. Ақмола қаласындағы төрт қоғамдық институтты біріктіріп, «Ақмола жастар қауымдастығын» құрып, оған бағыт-бағдар беруі – оның тек бүгінді емес, ертеңді ойлағанының белгісі. Ол жастарды соңынан ертті, бірақ соқыр сеніммен емес, саналы жауапкершілікпен жетеледі. Осының бәрін сарапласақ, оның ұйымдастырушылық болмысы айқын көрінеді: ол – адамдарды жинай білді, ол сендіре білді, ол қорғап та, біріктіре де білді. Нағыз ұйымдастырушы айқаймен емес, сеніммен жетелейді. Жанкелді дәл сондай тұлға болды. Ол үшін ұйымдастырушылық қызмет емес, бұл ұлтқа қызмет етудің бір жолы еді.

Жанкелді Ерденұлының азаматтық болмысы мен саяси ұстанымы оның Ақмола облыстық Кеңесінің халық депутаты болған жылдарында айқын көрінді. Бұл ел тағдыры таразыға түскен, әр сөз бен әр әрекеттің салмағы ауыр кезең еді. Сол уақыттағы ең бір маңызды, әрі тарихи әділеттілікті талап еткен мәселелердің бірі – Ақмола атауының тағдыры болатын. Жердің аты – жай ғана белгі емес, ол – халықтың тарихы, жадын сақтайтын рухани таңба. Ал сол атаудың өзгертілуі – тұтас бір кезеңнің, тұтас бір дәуірдің бұрмалануы еді. Депутат Жанкелді осыны терең түсінді. Сондықтан да ол бұл мәселеде үнсіз қалуды ар санады. «Ақмола аты қайтарылмай, елге қайтпаймыз!» деген ұранмен Алматыға барып, аштық жариялаған топтың басында тұруы – оның жай ғана депутат емес, шындық үшін күресе білетін азамат екенін көрсетті. Кейін Ақмоланың бас қалаға айналуы – тарихтың үлкен бетбұрысы болды. Бірақ сол үлкен өзгерістің алдында оның тарихи атауының қайтарылуы – рухани тұрғыдан аса маңызды қадам еді. Ал сол істің басы-қасында болып, күресті ұйымдастыруда депутат Жанкелдінің болуы – оның депутаттықты ел игілігіне жұмсай білгендігінің бір айқын көрінісі.

Ол қай қызметте (проректор, декан, кафедра меңгерушісі, ұйым жетекшісі) болмасын әруақытта шындықты таңдады. Ол әділеттілікті құп көрді. Ол, ең алдымен, тарихтың дұрыс айтылуы мен жазылуын қалады.

Жанкелді ағаның бір ерекшелігі, оның екі тілге, яғни қазақшасы мен орысша сөйлеуі де, жазуы да бірінен бірі асып түсіп жатады. Ғылыми, саяси, экономикалық тұрғыдан болсын екі тілде сауатты сөйлеп, жазып өз ой-пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдарына беріп те жатады. Журналистердің оның қыр соңынан қалмай экономикалық, қаржы, бизнес саласындағы көкейкесті сұрақтарына мүдірмей жауап беріп жатуы да осындай білімдарлығынан болар.

Жанкелді Ерденұлының тұлғасын биіктететін басты қасиет – оның шыншылдығы. Ол ешқашан өзін алға шығарған жоқ, еңбегін саудаламады, өткенін дабыра қылған жоқ. «Өзін өзі мақтаған, өлімнің азақ алды» дегенді өмірлік ұстанымына айналдырып, әрдайым үнсіз еңбек етіп, тік жүруден қайтқан жоқ. Оның жолы – айқайсыз ерлік, жариясыз адалдық жолы.

Бүгінде ол Тұран-Астана университетінде дәріс беріп, жас буынға білім мен өмір тәжірибесін үйретіп жүр. Сонымен қатар, «Ақ Орда» астаналық ақсақалдар қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде қоғамдық өмірдің бел ортасында жүруі – оның өмірлік миссиясының әлі де жалғасып жатқанын аңғартады. Бұл – қызмет емес, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің жалғасы.

Жанкелді Ерденұлы үшін сол із – ең алдымен ұлт үшін еңбек етуі мен тәрбиелеген ұрпағы, студенттерге берген білімі, осының бәрі жаққан шырағы. Екі ұл, төрт қыз өсіріп, немере мен жиеннің ортасында отырған абыз тұлға үшін бұл – өмірдің ең әділ таразысы. Бұл – еңбектің қайтарымы, тағдырдың сыйы. Оның ғұмыры – күреспен басталып, кемелдікпен жалғасқан, ал бүгінде – парасатқа айналған жол.

Ерлан КҮЗЕКБАЙ,
Болат ТӨЛЕПБЕРГЕН,
Астана қаласы

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

13 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Күйеу бала» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «Жат бауыр» телехикаясы.
14:15 «Апта»
14:55 «Ақорда»
15:10 «Сағындырған әндер-ай»
15:40 «Жаңа қоныс» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы .
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:15 «Күйеу бала» телехикаясы.
3:05 «Қызық екен...» интеллектуалды телевикторинасы.
3:45 «Сағындырған әндер-ай»

05:00 ҚР Әнұраны
05:00 Телехикая “Фатмагүл”
09:00 “Әлеумет”
09:30 “Көзқарас”
10:00 Телехикая “Эшрефтің арманы”
12:00 “Cover show”
14:00 Мультсериал “Турбозавры”
14:50 Мультсериал “Барбоскины”
15:00 Драма “Мне бы в небо”
17:00 Телесериал “Мечта Эшрефа”
19:30 Комедия “Представь себе”
21:30 Жаңалықтар
22:00 “КешREC”
23:00 Телехикая “Эшрефтің арманы”
01:00 Телехикая “Фатмагүл”

ASTANA TV

06.00 «Келіндер» телехикаясы
07.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.25 «Azil keshi»
12.30 «Телохранитель» худ. фильм
14.30 «Сәке 2» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
13:20 «АНАЛИТИКА»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:20 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
1:05 «УЧЕНИЦА МЕССИНГА».
3:30 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
4:15 «П@UTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”, түрік телехикаясы.
9:20 “БРАТ ИЛИ БРАК 3”
12:40 “КОЛЬЦО С РУБИНОМ”, мелодрама
16:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21:40 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”, мелодрама.
23:40 “ТВЕРСКАЯ”
1:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”
3:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”, түрік телехикаясы.
4:30 “КТК ҚОРЖЫНЫ”
5:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:50 Мультсериал «Губка Боб»
10:50 «Пингвины Мадагаскара»
11:40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:30 «12 раундов» (повтор)
14:40 «Бегущий в лабиринте» (повтор)
17:20 «Парень-каратист»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Неуправляемый»
23:00 Тұсаукесер! «Streetхана»
23:40 «Көңілдің күйі» драмасында
02:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын»

7

6:00 Әнұран
6:02 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая.
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
9:00 Телесериал.
11:00 “Ветреный”. Телесериал.
13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
13:30 “Үздік әзілдер”.
15:40 “ӘМІРШІ ӘЙЕЛ”. Телехикая.
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ВЕТРЕНЫЙ”. Телесериал.
22:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая.
23:20 Әзілің жарасса
2:20 Телесериал.
4:50 Жаңалықтар
5:20 Новости

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ОТВАЖНЫЙ БИМ»
10.30 «НЕНАСТОЯЩИЙ ВАМПИР»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 «INSTA LIKE» (каз.)
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «12 РАУНДОВ: БЛОКИРОВКА»
22.10 «ЗНОЙ»
00.20 Телехикая «Өмір» (каз./рус.)
01.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
01.50 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
02.40 «Қызық Live» (каз.)
03.20 «Ұ- NIGHT SHOW» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ASTANA TV

ПРОФИЛАКТИКА
17.00 «ҚОШ КЕЛДІҢІЗ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
17.30 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
19.00 «ASTANATIMES»
20.00 «ҮКІМ 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
21.00 «ҚОРҒАНСЫЗДАР 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
22.00 «СӨНБЕГЕН ЖАЛЫН» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.20 «ХАНЗАДА ЖУМОНГ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00.40 «АЛПАРСЛАН 2» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

УВАЖАЕМЫЕ ТЕЛЕЗРИТЕЛИ! ПРИНОСИМ ИЗВИНЕНИЯ ЗА ПЕРЕРЫВ В ЭФИРЕ ДО 17:00 В СВЯЗИ С ПРОФИЛАКТИЧЕСКИМИ РАБОТАМИ
17:00 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
0:40 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:05 «УЧЕНИЦА МЕССИНГА».
3:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:30 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
4:15 «П@UTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ

КТК

ПРОФИЛАКТИКА С 03:00 ДО 17:00
17:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
17:05 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”
23:40 “ТВЕРСКАЯ”
1:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
3:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”, ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ. (ҚАЙТАЛАУ)
4:30 “КТК ҚОРЖЫНЫ”
5:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ (ҚАЙТАЛАУ)

31

06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:30 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
07:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
09:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «АВАТАР: ЛЕГЕНДА ОБ ААНГЕ»
09:50 МУЛЬТСЕРИАЛ «ГУБКА БОБ»
11:30 МУЛЬТСЕРИАЛ «ПИНГВИНЫ МАДАГАСКАРА»
12:20 МУЛЬТСЕРИАЛ «КУНГ-ФУ ПАНДА»
13:10 «МЕХАНИК» (ПОВТОР)
15:00 «ПАРЕНЬ-КАРАТИСТ» (ПОВТОР)
17:40 «ПАРЕНЬ-КАРАТИСТ 2»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «13-Й ВОИН»
23:00 ТҰСАУКЕСЕР! «STREETХАНА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ. 3 БӨЛІМ
23:40 «БАСБҰЗАР» ДРАМАСЫНДА
02:10 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
02:40 «TIME VINE» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW»
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATTLE»
05:00 «WHAT’S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
05:20 «РИЗАМЫН»

7

6:00 Әнұран
6:02 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая.
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
9:00 Телесериал.
11:00 “Ветреный”. Телесериал.
13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
13:15 НОВОСТИ
13:30 “КАСПИЙ: МОРЕ НА ГРАНИ”. Документальный фильм.
14:10 “Үздік әзілдер”. Әзіл-сықақ бағдарлама
15:40 “ӘМІРШІ ӘЙЕЛ”. Телехикая. (Корея, 2013 ж.)
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ВЕТРЕНЫЙ”. Телесериал. (Турция, 2019 г.)
22:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая. (Түркия, 2010 ж.)
23:20 Әзілің жарасса
2:20 Телесериал.

НТК

17.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
17.40 «РЕВЮ» (КАЗ.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ» (ТРЭВЕЛ-ШОУ)
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «КОСТОЛОМ» (КРИМИНАЛЬНАЯ ДРАМА, ДЕРМОТ МАЛРУНИ, ДЖЕФФ ФЭЙХИ)
22.20 «АДРЕНАЛИН» (БОЕВИК, ДЖЕЙСОН СТЭЙТЕМ, ЭМИ СМАРТ)
00.20 ТЕЛЕХИКАЯ «ӨМІР» (КАЗ./РУС.)
01.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (КАЗ.)
01.40 «Ұ- NIGHT SHOW» (КАЗ.)
03.00 «INSTA TV» (КАЗ.)
04.00 – 05.00 ӘЗІЛ-КҮЛКІ БАҒДАРЛАМАСЫ «ЕКІ ЕЗУ» (КАЗ.)

БЕЙСЕНБІ

16 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 ӘНҰРАН
6:10 «КҮЙЕУ БАЛА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «МЕНІҢ ФАРИЗАМ»)
14:20 «ҚАЛДЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ»
14:45 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»
15:40 «ЖАҢА ҚОНЫС» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ»
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ»
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
1:25 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:15 «КҮЙЕУ БАЛА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
3:05 «ҚАЛДЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ»
3:25 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТЕЛЕВИКТОРИНАСЫ.
4:05 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»

05:00 ҚР Әнұраны
05:00 Телехикая “Фатмагүл”
09:00 “Neosetь”
09:30 Мировые новости
09:45 Әлем жаңалықтары
10:00 Телехикая “Эшрефтің арманы”
12:00 Телехикая. “Келінжан”
13:00 “ОйнаIQ”
14:00 Мультсериал “Барбоскины”
15:00 Кино. “Дубай любой ценой”
17:00 Телесериал “Мечта Эшрефа”
19:30 Мелодрама “Город призраков”
21:30 Жаңалықтар
22:00 “КешREC”
23:00 Телехикая “Эшрефтің арманы”
01:00 Телехикая “Фатмагүл”

ASTANA TV

06.00 «Келіндер» телехикаясы
07.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
08.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
12.30 «ПрАкурор» телехикаясы
14.30 «Сәке-2» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.320 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ

АИТВ-инфекциясы Қазақстан Республикасының қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Өскелең ұрпақтың денсаулығы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болғандықтан, балалардағы АИТВ-инфекциясының алдын алу мен емдеуге ерекше көңіл бөлінеді.

АИТВ-инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ) тудыратын созылмалы жұқпалы ауру. Ол иммундық жүйені зақымдайды. Ем қабылданбаған жағдайда, ауру ЖИТС-тың дамуына әкелуі мүмкін.

Қазіргі медицина АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға, соның ішінде балаларға, антиретровирустық терапияны (АРТ) уақтылы қабылдау арқылы толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді.

Балалардың жұқтыруының негізгі жолы – вирустың анадан балаға жүктілік кезінде, босану барысында немесе емшек сүті арқылы берілуі. Өте сирек жағдайларда вирустың берілуі санитарлық талаптарды бұзған медициналық манипуляциялар кезінде мүмкін, мұндай жағдайлар әлемдік медициналық тәжірибеде сипатталған.

Қазақстанда балалардағы АИТВ-инфекциясының алдын алу және емдеу мәселелері бірқатар нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

1. Анадан балаға берілуінің алдын алу – жүкті әйелдерді міндетті тексеру, АИТВ анықталған жағдайда антиретровирустық терапия тағайындау, босануды қауіпсіз жүргізу.

2. Медициналық қауіпсіздік – медициналық құралдардың стерильдігін қатаң бақылау, донорлық қанның қауіпсіздігі.

3. Халықты ақпараттандыру – АИТВ, алдын алу шаралары және берілу жолдары туралы сенімді ақпаратты тарату.

4. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға ем беру және халықтың негізгі топтарына алдын алу қызметтерін көрсету.

АИТВ қол алысу арқылы, ортақ ыдыс-аяқ қолданғанда, тұрмыстағы қарым-қатынас кезінде немесе бірге оқу барысында берілмейтінін есте сақтау маңызды. АИТВ-мен өмір сүретін балалар басқа балалармен тең дәрежеде мектепке және балабақшаға бара алады.

Қазақстан Республикасында АИТВ-мен өмір сүретін балаларға кепілдендірілген көлем шеңберінде тегін медициналық көмек, білім алу және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ диагноздың құпиялылығы қамтамасыз етіледі. АИТВ мәртебесіне байланысты кемсітуге заңмен тыйым салынған.

Еліміздің әрбір қаласында, соның ішінде Астана қаласында, АИТВ-инфекциясының алдын алу бойынша мамандандырылған орталықтар жұмыс істейді. Онда тестілеуден өтіп, мамандардан кеңес алып, ем мен қолдау алуға болады.

АИТВ-инфекциясын ерте анықтау және емдеу аурудың дамуын болдырмауға және балаға толыққанды болашақ қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Балалардағы АИТВ-инфекциясы – алдын алуға және бақылауға болатын ауру. Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік актілер мен заманауи медициналық технологиялардың арқасында анадан балаға берілу жағдайларының көпшілігінің алдын алуға болады.

Қоғамның міндеті – уақытылы тексеруден өту, алдын алу шараларын сақтау және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды қолдау. Ең бастысы, қорықпай және АИТВ-инфекциясы үкім емес екенін есте сақтау жөн. Заманауи емдеу балаларға өсіп, білім алып, толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – уақтылы тексерілу және дәрігерлердің ұсынымдарын сақтау.

Өз денсаулығыңызды және балаларыңыздың денсаулығын сақтаңыз!

Л.АБИЛОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК емдеу алдын алу бөлімінің инфекционист-дәрігері

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
1:05 «УЧЕНИЦА МЕССИНГА».
3:30 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
4:15 «П@UTINA» бағдарламасы

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”
10:10 “ТВЕРСКАЯ”
12:10 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”
14:10 “КОЛЬЦО С РУБИНОМ”, мелодрама
16:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”, мелодрама.
23:40 “ТВЕРСКАЯ. ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ”
1:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
3:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”
4:30 “КТК ҚОРЖЫНЫ”
5:30 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:50 Мультсериал «Губка Боб»
11:10 «Пингвины Мадагаскара»
12:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:50 «Парень-каратист 2» (повтор)
15:10 «Неуправляемый» (повтор)
17:10 «Чёрный ястреб»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Джек Райан: Теория хаоса»
23:00 Тұсаукесер! «Streetхана»
23:40 «Ескерту» драмасында
01:40 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын»

6:00 Әнұран
6:02 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая.
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
9:00 Телесериал.
11:00 “Ветреный”. Телесериал.
13:30 “КАСПИЙ: МОРЕ НА ГРАНИ”.
14:10 “Үздік әзілдер”.
15:40 “ӘМІРШІ ӘЙЕЛ”. Телехикая.
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 “ВЕТРЕНЫЙ”. Телесериал.
22:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая.
23:20 Әзілің жарасса
1:20 Жаңалықтар
1:50 Новости
2:20 Телесериал.
4:50 Жаңалықтар
5:20 Новости

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Телехикая «Достық 99» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ЩЕНЯЧИЙ ПАТРУЛЬ» (мультсериал)
09.30 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
10.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 5»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
17.00 «INSTA LIKE» (каз.)
17.20 «INSTA TV» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЗЕМЛЯНЕ»
19.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «АПГРЕЙД. ЦИФРОВОЙ СОЛДАТ»
22.10 «НУЛЕВОЙ ПАЦИЕНТ»
00.20 Сериал «ДВА ЛИЦА СТАМБУЛА»
01.10 Телехикая «Өмір» (каз./рус.)

01.40 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
03.10 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
04.10 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
17 СӘУІР

5:30 ӘНҰРАН
6:10 «КҮЙЕУ БАЛА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
10:10 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «МЕНІҢ ФАРИЗАМ»
14:20 «БІР ТАМШЫ - БІР ӨНІМ»
14:45 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ»
15:20 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН»
15:40 «ЖАҢА ҚОНЫС» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
2:00 «АШЫҚ АЛАҢ»
2:50 «КҮЙЕУ БАЛА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
3:40 «БІР ТАМШЫ - БІР ӨНІМ»
4:05 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»

05:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ФАТМАГҮЛ”
09:00 “ХАҚЫҢ БАР”
09:45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
10:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ”
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “КЕЛІНЖАН”
13:00 “ОЙНАЙҚ”
14:00 “МАХНЕМ НА ЛУНУ!”
15:30 МУЛЬТФИЛЬМ “ЗВЕРИНЫЙ РЕЙС”
17:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ “МЕЧТА ЭШРЕФА”
19:30 ДРАМА”ВНЕ ВРЕМЕНИ”
22:00 “ҚОҒАМ ПІКІРІ” САЯСИ ТОК-ШОУЫ
23:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ЭШРЕФТІҢ АРМАНЫ”
01:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ФАТМАГҮЛ”
03:00 ҚР ӘНҰРАНЫ

06.00 «Келіндер» телехикаясы
07.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Қолтаңба»
11.50 «Қарызсыз қоғам»
12.30 «ПрАкурор» телехикаясы
14.30 «Сәке-2» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
00.50 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20:55 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22:10 «ОГРАБЛЕНИЕ ПО-ЖЕНСКИ»
2:15 «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
3:30 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
4:15 «П@UTINA» бағдарламасы

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:25 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:10 “ЖЕЛАЛАДДИН”, түрік телехикаясы.
10:10 “ТВЕРСКАЯ. ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ”
12:10 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”
14:10 “КОЛЬЦО С РУБИНОМ”, мелодрама
16:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 “КОЧЕВНИЦА 4”
1:00 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
2:30 “ЖЕЛАЛАДДИН”, түрік телехикаясы.
3:50 “КТК ҚОРЖЫНЫ”
4:50 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

06:00 «Әзіл студио»
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:50 Мультсериал «Губка Боб»
11:40 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
12:30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
13:20 «Чёрный ястреб» (повтор)
16:20 «13-й воин» (повтор)
18:20 «Путешествия Гулливера»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Кредо убийцы»
23:00 «Не шутите с Зоханом!»
01:10 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show»
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

6:00 Әнұран
6:02 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая.
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
9:00 Телесериал.
11:00 “Ветреный”. Телесериал.
13:30 “КАСПИЙ: МОРЕ НА ГРАНИ”.
14:10 “Үздік әзілдер”
15:40 “ӘМІРШІ ӘЙЕЛ”. Телехикая.
17:00 Телесериал.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 Телесериал.
20:00 “ВЕТРЕНЫЙ”. Телесериал.
22:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая.
23:20 Әзілің жарасса
1:20 Жаңалықтар
1:50 Новости
2:20 Телесериал.
4:50 Жаңалықтар

СЕНБІ
18 СӘУІР

5:30 Әнұран
5:35 АҚПАРАТ
6:05 «Ауылдастар»
6:40 «Күйеу бала» телехикаясы.
8:05 «Көкжиектен асқан үн» күнделігі
8:30 «Қайран менің жүрегім». Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығына арналған кеш.
10:00 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:00 «Қайырлы кеш!»
13:50 Дастан Оразбековтің концерті
16:05 Дисней ұсынады: «РИО» мультфильмі
17:40 «ҚОС ПАЛАТА»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:10 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:20 «КӨКЖИЕКТЕН АСҚАН ҮН» халықаралық музыкалық жобасы
23:10 «Бес қару» көркем фильмі. (Гонконг,1986 ж.)
0:55 АҚПАРАТ
1:05 «Қос палата»
1:25 «Әлем және біз»
1:45 «Күйеу бала» телехикаясы.
3:10 «Ауылдастар»

05:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
05:00 ТЕЛЕХИКАЯ “ФАТМАГҮЛ”
07:00 “АЛҒАШҚЫ”
08:00 КОНЦЕРТ “АБАЙЛАҢЫЗДАР”
09:35 “БАЛАМ ҮШІН”
10:00 “МАХНЕМ НА ЛУНУ!”
11:30 МУЛЬТСЕРИАЛ “БАРБОСКИНЫ”
12:00 ДРАМА”ВНЕ ВРЕМЕНИ”
14:00 “ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ”
15:30 “ҚЫЗЫҚ TIMES”
16:45 ТЕЛЕХИКАЯ. “КЕЛІНЖАН”
19:00 “7 КҮН”
19:40 ЖҰМЫР ЖЕР
20:00 “COVER SHOW”
22:00 КОМЕДИЯ “ИЗ 13 В 30”

06.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
07.00 «Замуж в 30» худ. фильм
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Әзілің жарасса» концерті
13.45 «Казахи против пришельцев»
16.00 «Azil keshi»
17.00 «Saraptimes»
18.00 «Coco&Janbo» худ. фильм
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Сакура Иц Май Лайф» худ. Фильм

6:00 «КОНЕЦ ИГРЫ». Многосерийный фильм
7:50 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
8:25 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
8:50 «СЕЗОН ПОСАДОК»
10:40 «ОГРАБЛЕНИЕ ПО-ЖЕНСКИ».
15:00 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:00 «БАЗАР ЖОК, МЕКСИКА» фильмінде
20:00 «АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20:35 «ЗАҢ МЕН ЕЛ» бағдарламасы
21:00 Фильм «В ЧАС БЕДЫ»
1:05 «ПОЗЫВНОЙ «БАРОН»
3:10 «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
4:00 «П@UTINA» бағдарламасы

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
8:00 “МӘЖНҮН”, өзбек фильм
9:50 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:30 “КОЧЕВНИЦА 4”
14:00 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
18:30 “МАХАББАТ ӘЛЕМІ”
21:00 “ТАЙФУН”, остросюжетный боевик
0:40 “КОЧЕВНИЦА 4”
3:30 “МӘЖНҮН”
5:10 “МАХАББАТ ӘЛЕМІ” (қайталау)

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Күліп All»
07:30 «Тәтті шоу»
08:20 «Аватар: Легенда об Аанге»
09:10 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10:00 «Готовим с Адель»
10:40 «Алдараспан
11:00 Саумал
12:20 «Брат или Брак 2»
14:30 «Сэм: песочный эльф»
16:30 «Корпорация монстров»
18:20 «Анчартед: На картах не значится»
20:40 «Тор»
22:50 «Джек Райан: Теория хаоса» (повтор)
00:50 «Bizdin show»
03:30 «Тамаша Live»
05:00 «1001 Әзіл»
05:10 «BALA BATTLE»
05:30 «What’s up?»

6:00 Әнұран
6:02 Әзілің жарасса
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
8:40 “НУ, ПОГОДИ!”. Мультсериал.
11:00 “ТОМУ, ЧТО БЫЛО - НЕ БЫВАТЬ”.
13:10 ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗ.
14:10 “ШЫМКЕНТ ШОУ”.
16:40 “Концерттік бағдарлама”.
18:00 Телесериал.
20:00 “ВЕТРЕНЫЙ”. Телесериал.
22:00 “ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР”. Телехикая.
23:20 “РАСКАЯНИЕ”.
2:20 Гүл-гүл шоу
3:10 Әйгерім Сейфолланың сырласу
4:00 Жұлдызды шаңырақта
4:30 Қызықты weekend
5:00 Япырай

05:00 ҚР Әнұраны
05:00 Телехикая “Фатмагүл”
07:00 “Алғашқы”
08:00 “Ғашық жүрек” атты концерті
09:00 “Азамат” интеллектуалдық шоуы
10:15 Мультфильм “Звериный рейс”
11:45 Мультсериал “Барбоскины”
12:00 Комедия “Из 13 в 30”
14:00 “Өмір өрнегі”
15:15 Телехикая. “Келінжан”
19:00 “7 күн”
19:40 Глобальные события
20:00 “Қызық times”
21:15 Боевик “Работорговля”
23:15 Телехикая “Фатмагүл”
01:15 ҚР Әнұраны

06.00 «Әзілің жарасса» концерті
08.00 «Azilkeshi»
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Месть и Закон» Индийское Кино
16.00 «Сәкен Майғазиевтің 50 жас»
18.20 «Сен маған керексің» худ. фильм
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Казахи против пришельцев»

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:15 «АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР»
8:00 «ЗАҢ МЕН ЕЛ» бағдарламасы
8:20 «В ЧАС БЕДЫ».
12:20 «НАША ДОКТОР»
14:00 Ток-шоу «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ»
15:00 «НАША ДОКТОР». ПРОДОЛЖЕНИЕ
17:45 Фильм «ПРОСТИ МЕНЯ»
20:00 «АНАЛИТИКА»
20:50 «АНЫҚТАЙМЫЗ» бағдарламасы
21:40 Многосерийный фильм «ВОПРЕКИ ВСЕМУ»
1:50 Ночной кинотеатр. «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». Многосерийный фильм
2:45 «П@UTINA» бағдарламасы

07.00 «Ең күлкілі әртістер» (каз.)
07.40 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ» (мультсериал)
10.00 «НОРМ И НЕСОКРУШИМЫЕ: БОЛЬШОЕ ПУТЕШЕСТВИЕ» (анимационный фильм)
11.40 «ТИ-РЕКС. КОРОЛЬ ДИНОЗАВРОВ» (анимационный фильм)
13.10 «ЛЕМОНИ СНИКЕТ: 33 НЕСЧАСТЬЯ»
15.10 «ЛЕГЕНДЫ ЗАТЕРЯННОГО ХРАМА»
16.40 «МИССИЯ НЕВЫПОЛНИМА: ПРОТОКОЛ ФАНТОМ» (боевик, Том Круз, Джереми Реннер, Пола Пэттон, Саймон Пегг)
19.10 «ОСТРОВ ХИЩНИКА» (фантастический триллер, Дин Фудзиока, Каллум Вудхаус, Алан Макссон)
20.50 «БЕЛЫЙ ШТОРМ: МЕЖДУ РАЕМ И АДОМ» (боевик, Шон Лау, Аарон Квок)
23.20 «БЕСПОКОЙСТВО»
01.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
01.50 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ: МИФТЕР МЕН АЛАЛАУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ 3 МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕ

АИТВ-ның алдын алу жолдары жақсы белгілі болғанына қарамастан, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар саны өсіп келеді. Көптеген адамдар әлі де мифтерге сенеді: біреулер вирустың бар екеніне күмәнданады, біреулер оны «жаза» деп санайды, ал енді біреулер тұрмыстық жолмен жұғудан қорқады. Бұл АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигма мен кемсітушілікке, ең қауіптісі нақты қауіптерді елемеуге әкеледі.

Бүгінде АИТВ кез келген жастағы және әлеуметтік мәртебедегі адамдарға қатысты екенін түсіну маңызды, әсіресе 16-40 жас аралығындағы топта. Сондықтан әр адам сенімді ақпаратқа ие болуы қажет. АИТВ туралы білімді бұрмалайтын және адамдарға тәуекелдерді дұрыс бағалауға кедергі келтіретін ең кең таралған мифтерді қарастырайық.

1-миф: «АИТВ тесті жұқтырғанын ұзақ уақыт көрсетпейді».

Көптеген адамдар АИТВ талдауы бірнеше жыл бойы қанда вирустың бар екенін көрсетпейді деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Қазіргі заманғы (4-буын) тесттер АИТВ-ны жұқтырғаннан кейін 2-6 апта ішінде анықтай алады. Дегенмен «терезе кезеңі» деп аталатын уақыт бар, бұл кезде вирус ағзада болғанымен, тест теріс нәтиже көрсетуі мүмкін. Әдетте бұл кезең 3 айға дейін созылады. Осы уақытта адам АИТВ-ны басқаларға жұқтыра алады.

2-миф: «Мүшекаптар АИТВ-дан қорғамайды».

Бұл шындыққа жанаспайды. Мүшекаптарды дұрыс және тұрақты қолдану АИТВ-дан және жыныстық жолмен берілетін басқа инфекциялардан тиімді қорғайды. Вирус биологиялық сұйықтықтар (қан, шәует, қынаптық бөлінділер) арқылы беріледі, ал сапалы мүшекап оларды өткізбейді.

3-миф: «АИТВ – өлім үкімі».

Бүгінде олай емес. Антиретровирустық терапияның (АРТ) арқасында АИТВ-инфекциясы бақылауға болатын созылмалы ауруға айналды. Уақтылы ем қабылдап, дәрілерді тұрақты ішіп, дәрігер бақылауында болатын адамдар ұзақ өмір сүре алады. Сонымен қатар, тиімді терапия кезінде вирустық жүктеме анықталмайтын деңгейге дейін төмендеуі мүмкін, бұл жағдайда адам жыныстық жолмен АИТВ-ны жұқтырмайды («А=Ж» қағидасы).

Ал АИТВ жоқ деп ойлайтындар үшін: бұл – ең қауіпті қате түсініктердің бірі және АИТВ-ның алдын алуға кедергі келтіретін негізгі фактор. Мұндай көзқарас адамдардың уақытында тексеріліп, ем алуына кедергі жасайды. Емнен бас тарту иммунитеттің қатты әлсіреуіне және ЖИТС-тің дамуына әкелуі мүмкін. Кейде адам АИТВ бар екенін жоққа шығарып, медициналық көмектен бас тартады да, бірнеше айдан кейін иммунитеті қатты төмендеген ауыр жағдайда қайта жүгінеді.

Сондықтан АИТВ туралы ақпаратты тұрақты түрде таратып, халықты алдын алу шаралары мен жұғу жолдары туралы хабардар етуді жалғастыру қажет. Білімсіздік пен жалған сенімдер – АИТВ-ның басты «одақтастары».

АИТВ жұқтыру қаупін азайтуға арналған ұсыныстар:

• АИТВ туралы сенімді ақпарат алыңыз;

• тұрақты түрде тест тапсырыңыз;

• жыныстық қатынас кезінде презерватив қолданыңыз;

• инелер мен құралдарды ортақ пайдаланудан аулақ болыңыз;

• өзіңіздің және сіріктесіңіздің АИТВ мәртебесін біліңіз;

• қажет болған жағдайда PrEP (қатынасуға дейінгі профилактика) қолданыңыз.

Есіңізде болсын: АИТВ-мен күрестегі басты жау – вирустың өзі ғана емес, мифтер, қорқыныш және білімнің жетіспеушілігі. Ақпараттылық пен жауапты мінез-құлық – сізді және жақындарыңызды қорғайтын нақты құрал.

К.АРЫСТАНБЕКОВА,
Астана қаласы АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының эпидемиолог көмекшісі

№41 (4939) 09/04/2026 Бейсенбі

КҮЙ ӨНЕРІ: ТОЛҚЫНДЫ ҚУҒАН ТОЛҚЫН

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында дәулескер күйші, композитор Бақыт Басығараевтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Толқында» атты күй кеші өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның кеш қатысушылары мен қонақтарына құттықтауы оқылды. Күй кешін әке рухына тағзым ретінде Мәдениет саласының үздігі, Мәдениет қайраткері, «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының солисі Еділ Басығараев жүргізіп, Қазанғап, Үсен Төре, Боғда және халық күйлерін орындады. Сондай-ақ мұрағаттан алынған Бақыт Басығараевтың бейнежазбасы көрсетіліп, көрермендер күйлердің тарихы жайлы оның өз аузынан естіді.

Бақыт Басығараевтың есімі өнерсүйер қауымға жақсы таныс. Ол қазақтың әйгілі күйші-композиторы Қазанғаптың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді жинақтаған. Оның жиырмадан астам күйін орындап, шығу тарихын да терең зерттеген. Домбыраға деген қызығушылығы 10-11 жасында оянып, сол кезден бастап естіген күйлері мен әндерін меңгере бастайды. Алғаш рет мектеп сахнасында өнер көрсетіп, кейін ауылдағы түрлі жиын-тойларда домбыра тартып, ән айтқан. Әскер қатарында жүрген кезінде де өнерден қол үзбей, күйші Мұрат Өскенбаевпен танысып, бірге концерттер мен шығармашылық кездесулер ұйымдастырған.

Қазір Бақыт Басығараевтың өнердегі жолын қуып жүрген баласы Еділ Басығараев та домбыра өнерін жалғастырып, әке мұрасын насихаттауға өз үлесін қосып келеді. Ол Қазанғаптың күйлерін насихаттауға арнаған күйшінің «Толқында» жинағын жарыққа шығарды. Кеш барысында Бақыт Басығараевтың немересі Жайық Басығара, сондай-ақ Еділ Басығараевтың шәкірттері өнер көрсетті. Сонымен қатар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Елшібаева мен Елмұра Жаңаберген, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ардақ Елеусіз қатысты.





«Шаттық» ДАРЫНДАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

Елордада «Шаттық-2026» XIX қалалық шығармашылық байқауы өтіп жатыр. Дарынды жастарды қолдауға, олардың жеке шығармашылық стилін қалыптастыруға, шеберліктерін шыңдауға бағытталған байқаудың негізгі ұйымдастырушысы – Астана қаласының Білім басқармасы.



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Байқаудың басты мақсаты – дарынды балалар мен жасөспірімдерді анықтау және қолдау, олардың шығармашылық әрі зияткерлік әлеуетін дамыту, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының біртұтас кеңістігін қалыптастыру. Байқауда хореография, театр, вокал, аспаптық жанр, бейнелеу өнері, фотосурет және хор өнері қамтылған. «Шаттық» байқауы жыл сайын жаңа есімдерді ашып, дарынды жастарды қолдап, елорданың мәдени әлеуетін дамытуға зор үлес қосып келеді.

Байқау өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарды, мәдениетті және заңды құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған. Қатысушылардың шығармашылық жұмыстарында дәстүрлі нақыштар мен заманауи үрдістер – цифрлық мәдениет, инновациялық ойлау және жасанды интеллект элементтері үйлесімді көрініс табады.

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы директорының орынбасары Айымгүл Жабаеваның айтуынша, «Шаттық» – еліміздің өңірлерінде баламасы жоқ бірегей мәдени-білім беру алаңы. Жоба елордадағы білім беру ұйымдарының балалар мен жасөспірімдерін біріктіріп, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, өз жетістіктерін кең аудиторияға ұсынуға және өнер әлеміне алғашқы қадам жасауына мүмкіндік береді. Іс-шара 8 жанр бойынша ұйымдастырылды. Осы жыл Цифрландыру және Жасанды интеллект жылы болып жарияланғандықтан басымдық соған берілді. Байқауға 129 білім беру ұйымынан өтініш түсіп, 8 мыңға жуық бала қатысып отыр.

ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ

«Жастар» сарайында «Адал азамат – біртұтас ұлт» тәрбие бағдарламасы және «Заң мен тәртіп» бастамалары аясында «JacStar» студенттік КТК лигасының ауқымды фестивалі өтті.







Іс-шараның басты мақсаты – шығармашыл жастарды қолдау, әзіл-сықақ жанрын дамыту және жаңа таланттарды анықтау. Фестивальді Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» сарайы және студенттермен жұмыс бағытында Басқару колледжі бірлесіп ұйымдастырды. «JacStar» фестивалі – бұл жай ғана ойын емес, жастардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін маңызды алаң. Мұнда жаңа есімдер қалыптасып, шығармашылық әлеует ашылып, үлкен сахнаға алғашқы қадам жасалады. Интерактивті және ойын-сауық аймақтарында Drone Soccer, PS5 платформасында Jenis Cup турнирі, робототехника көрмесі, ұлттық ойындар (асық ату, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ), спорттық белсенділіктер (турник, гір көтеру) және өзге де ойын-сауық түрлері ұйымдастырылды.

Фестиваль аясында көңілді тапқырлар клубының ойыны өтті. Кештің жүргізушісі – «Астана KZ» командасының мүшесі, Жоғары лига ойыншысы Нұржан Бейсенов. Қазылар алқасының құрамына КТК саласында танымал тұлғалар мен медиа өкілдері болды. Аталған фестиваль жастар аудиториясына бағытталған және шығармашылықты, спортты және ұлттық құндылықтарды біріктіретін заманауи мәдени алаң қалыптастыруды көздеді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 41
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ